

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 29 желтоқсан N 1424

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Бағалы қағаздар рыногы туралы

Осы Заң эмиссиялық бағалы қағаздарды бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының және бағалы қағаздармен сауда-саттықты ұйымдастырушылардың қатысуымен жасалатын азаматтық-құқықтық мәмілелердің объектісі болып табылатын өзге де қаржы құралдарын шығару, орналастыру, айналысқа шығару және өтеу процесінде туындайтын құқықтық қатынастарды, бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің құрылу және жұмыс істеу ерекшеліктерін реттейді, бағалы қағаздар рыногының қауіпсіздігін, ашық түрде және тиімді жұмыс істеуін, инвесторлар мен бағалы қағаздарды ұстаушылардың құқықтарын және бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының адал бәсекелестігін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында бағалы қағаздар рыногы мен оның субъектілерін реттеу және қадағалау тәртібін белгілейді.

Егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше белгіленбеген болса, осы Заңның нормалары банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, инвестициялық қорлар, жинақтаушы зейнетақы қорлары шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздарды, эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару, орналастыру, айналысқа шығару және өтеу процесінде туындайтын құқықтық қатынастарға қолданылады.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңның мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- 1) агенттік облигация - қаржы агенттігі шығаратын облигация;
- 2) андеррайтер - нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің есепшоттарын жүргізу

құқығымен бірге бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензиясын иеленуші және эмитентпен жасалған шарттың негізінде оның бағалы қағаздарын шығару және орналастыру жөнінде эмитентке қызмет көрсететін (дербес немесе эмиссиялық синдикат құрамында) заңды тұлға;

3) эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының күшін жою эмиссиялық бағалы қағаздың азаматтық құқықтар объектісі ретіндегі іс-әрекетін тоқтату;

4) құжаттамасыз бағалы қағаз - құжаттамасыз нысанда (электрондық жазбалардың жиынтығы түрінде) шығарылған бағалы қағаз;

5) оқшаулау - бағалы қағаздардың сақталуына кепілдік беру және бұдан кейін олармен мәмілелер жасау мақсатында жүзеге асырылатын бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жүйесінде және нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде бағалы қағаздармен азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеуге уақытша т ы й ы м с а л у ;

6) брокер - клиенттің тапсырмасы бойынша, оның есебінен және мүдделерін көздеп, сондай-ақ өз атынан және өз есебінен бағалы қағаздармен мәмілелерді жүзеге асыратын бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы;

7) эмиссиялық бағалы қағазды ұстаушының есепшотынан үзінді-көшірме - бағалы қағаз болып табылмайтын, тіркеуші немесе нақтылы ұстаушы беретін және ұстаушының бағалы қағаз бойынша уақыттың белгілі бір кезіндегі құқықтарын р а с т а й т ы н қ ұ ж а т ;

8) эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару - эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздың азаматтық құқықтар объектісі ретінде пайда болуына бағытталған іс-әрекеті;

9) ішкі құжаттар - бағалы қағаздар рыногы субъектісінің, оның органдарының, құрылымдық бөлімшелері қызметінің шарттары мен тәртібін, жұмысты орындауын (қызмет көрсетуін) және оларға ақы төлеу тәртібін реттейтін құжаттар;

өзін-өзі реттейтін ұйым үшін - жоғарыда осы тармақшада көрсетілген құжаттар және өзін-өзі реттейтін ұйымның өз мүшелерімен қарым-қатынастарын, сондай-ақ осы ұйым мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін реттейтін өзге де құжаттар;

10) бағалы қағаздардың қайталама рыногы - орналастырылған бағалы қағаздардың айналысы процесінде бағалы қағаздар рыногының субъектілері арасында қалыптасатын қ ұ қ ы қ т ы қ қ а т ы н а с т а р ;

11) эмиссиялық бағалы қағаздардың Мемлекеттік тізілімі - эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымдары мен олардың эмитенттері туралы мәліметтер жиынтығы;

12) мемлекеттік бағалы қағаздар - заемшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі, жергілікті атқару органы немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болатын заемға қатысты оның ұстаушысының құқықтарын куәландыратын эмиссиялық бағалы қ а ғ а з ;

13) делистинг - бағалы қағаздарды сауда-саттықты ұйымдастырушының тізімінен у а қ ы т ш а немесе тұрақты шығару;

14) бағалы қағаздардың депозитарийі - қаржы құралдарымен мәмілелерді тіркеуді, қаржы құралдары бойынша депоненттердің (олардың клиенттерінің) құқықтарын есепке алуды және растауды, қаржы құралдарын материалсыздандыруды және сақтауды, оның ішінде депоненттер арасындағы қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша есеп айырысуды (клирингті), сондай-ақ бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын бағалы қағаздар рыногының кәсіби қ а т ы с у ш ы с ы ;

15) депонент - депозитарийдің клиенті болып табылатын ұйым;

16) депозитке салу - депоненттердің эмиссиялық бағалы қағаздарын және туынды бағалы қағаздарын депозитарийдің сақтауы және есепке алуы;

17) эмиссиялық бағалы қағазды ұстаушы (бағалы қағаз ұстаушы) - бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жүйесінде немесе нақты ұстаудың есепке алу жүйесінде тіркелген және бағалы қағаздар арқылы берілген құқықтары бар тұлға;

18) дефолт - эмитенттің облигациялар шығару проспектісінде белгіленген міндеттемелерді о р ы н д а м а у ы ;

19) құжаттамалық бағалы қағаз - құжаттамалық нысанда (қағазға немесе арнайы техникалық құралдарды пайдаланбай-ақ бағалы қағаздың мазмұнын тікелей оқуға болатын өзге материалдық тасымалдаушыға) шығарылған бағалы қағаз;

20) тіркелген тұлға - бағалы қағаз ұстаушылардың тізілімін жүргізу жүйесінде немесе нақты ұстау есебінің жүйесінде жеке есепшоты бар тұлға;

21) өтініш беруші - бағалы қағаздар рыногында қызметті жүзеге асыру үшін лицензия алу мақсатында уәкілетті органға құжаттар ұсынған ұйым;

22) инвестициялар - қаржы құралдары бойынша кіріс алу мақсатында оларға а қ ш а л а й және м ү л і к т і к с а л ы м д а р ;

23) инвестициялық портфель - бағалы қағаздар рыногы субъектісінің меншігіндегі немесе басқаруындағы әр түрлі қаржы құралдарының жиынтығы;

24) инвестор - қаржы құралдары бойынша кіріс алу мақсатында оларға өзінің, заемдық немесе басқа тартылған қаражаттарын салатын тұлға;

25) жеке инвестор - институционалдық инвестор болып табылмайтын инвестор;

26) институционалдық инвестор - Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптарға сәйкес қаражатты әр түрлі қаржы құралдарына инвестициялау мақсатында қызметінің ерекше түрі қаражаттар тарту болып табылатын ұйым;

27) ипотекалық облигация - жылжымайтын мүлік ипотекасымен және/немесе ипотекалық куәліктердің кепілімен қамтамасыз етілген ипотекалық тұрғын үйді кредиттеу шарттары жөніндегі талаптардың құқықтарымен, сондай-ақ тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленетін өзге де жоғары өтімді активтермен қ а м т а м а с ы з е т і л г е н о б л и г а ц и я ;

28) қазақстандық депозитарийлік қолхат - эмитенттің - Қазақстан Республикасының резиденті еместердің басқа мемлекеттің заңдарына сәйкес шығарған эмиссиялық

41) бағалы қағаздар рыногындағы бағалармен айла-әрекет жасау - лицензиаттың көзбояушылық жасайтын (сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйелеріне өтінімдер ұсыну, мәмілелер жасау, күмәнді ақпарат тарату) немесе бағаны шын мәнінде жоғарылатуға немесе төмендетуге және/немесе бағалардың деңгейіне және/немесе рыноктың өтімділігіне қатысты инвесторлардың, эмитенттердің бағалы қағаздар рыногындағы сауда белсенділігіне ықпал ететін іс-әрекеті;

42) ұлттық бірегейлендіру нөмірі - эмиссиялық бағалы қағаздарды бірегейлендіру және есепке алуды жүйелеу мақсатында оларға уәкілетті орган беретін бірегей ә р і п т і к - с а н д ы қ к о д ;

43) мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес эмиссиялық деп танылған, мемлекеттік емес заңды тұлғалар шығаратын акциялар, облигациялар және өзге де бағалы қағаздар;

44) бағалы қағаздардың ұйымдаспаған рыногы - бағалы қағаздар айналысының саласы, ондағы бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелер қаржы құралдарымен сауда-саттықты ұйымдастырушының мәміле объектісіне және оның қатысушыларына қатысты ішкі құжаттарымен белгіленген талаптарды сақтамай жүзеге асырылады;

45) облигацияның нақтылы құны - облигация шығарылған кезде белгіленетін, оған купондық облигация бойынша процентпен көрсетілген сыйақы есептелетін облигацияның ақшалай көрсетілген құны және облигацияны өтеген кезде оны ұ с т а у ш ы ғ а т ө л е н у г е т и і с т і с о м а ;

46) бағалы қағаздарды нақтылы ұстаушы - бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы, ол бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеуді, клиенттердің бағалы қағаздар жөніндегі құқықтарын растауды және нақтылы ұстау шартына сәйкес өзіне нақтылы ұстауға берілген бағалы қағаздарға қатысты өзге де іс-әрекетті жүзеге а с ы р а д ы ;

47) қамтамасыз етілген облигация - эмитенттің ол бойынша міндеттемелерді орындауы эмитент мүлкінің кепілімен, үшінші тұлғаның кепілдемесімен және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де тәсілдермен қамтамасыз е т і л г е н о б л и г а ц и я ;

48) облигациялық бағдарлама - облигациялар шығарудың тиісті ерекше нұсқамасында белгіленген түрлі құрылыммен облигациялардың бірнеше шығарылымын жүзеге асыруға эмитенттің құқығы шегінде облигациялар шығару;

49) эмиссиялық бағалы қағаздардың айналысы - бағалы қағаздардың қайталама рыногында бағалы қағаздармен азаматтық-құқықтық мәмілелер жасау;

50) жарияланған эмиссиялық бағалы қағаздар - шығарылымын уәкілетті орган тіркеген және бағалы қағаздардың бастапқы рыногында эмитент (андеррайтер немесе эмиссиялық синдикат) пен инвесторлар арасында жасалатын сатып алу-сату мәмілелерінің объектісі болып табылатын бағалы қағаздар;

51) опцион - белгіленген нысандағы туынды бағалы қағаз, оны сатып алушы белгілі бір мерзім өткеннен кейін келісілген баға бойынша опционда айтылған активті сатып алу немесе сату құқығына ие болады;

52) бағалы қағаздардың ұйымдасқан рыногы - эмиссиялық бағалы қағаздар мен өзге де қаржы құралдарының айналыс саласы, олармен мәмілелер қаржы құралдарымен сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады;

53) қаржы құралдарымен сауда-саттықты ұйымдастырушы (сауда-саттықты ұйымдастырушы) - қор биржасы және бағалы қағаздардың биржадан тыс рыногының баға белгілеу ұйымы;

54) бағалы қағаздардың бастапқы рыногы - эмитенттің бұрын бағалы қағаздардың бастапқы рыногынан өзі сатып алған эмиссиялық бағалы қағаздарын бұдан әрі орналастыруын қоспағанда, эмитенттің (андеррайтердің немесе эмиссиялық индикаттың) жарияланған эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруы;

55) бұйрық - қаржы құралдарын ұстаушы (сатып алушы) өзіне тиесілі қаржы құралдарына немесе қаржы құралдарын сатып алуға арналған ақшаға қатысты белгілі бір іс-әрекетті жүзеге асыруды көрсете отырып, бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысына ұсынатын стандартты үлгідегі құжат;

56) туынды бағалы қағаз - базалық активі эмиссиялық бағалы қағаздар, өзге мүлік, меншік иесіне болашақта белгілі бір күні ақшалай немесе базалық актив нысанында экономикалық пайда алуға шартсыз немесе шартты құқық беретін тауар немесе қаржы индексі болып табылатын мүліктік құқықтардың объектісі;

57) облигация ұстаушылардың өкілі - эмитентпен жасалған шарт негізінде бағалы қағаздардың қайталама рыногындағы ипотекалық және қамтамасыз етілген облигациялардың айналысы, облигациялар бойынша сыйақы төлеу және оларды өтеу барысында облигация ұстаушылардың мүдделерін көздеп іс-әрекет жасайтын ұйым;

58) эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектісі - эмитент, оның қаржылық жай-күйі, сатылуға болжанатын эмиссиялық бағалы қағаздар, шығарылымның жалпы көлемі, шығарылатын бағалы қағаздардың саны, оларды шығару, орналастыру, айналысқа шығару рәсімі мен тәртібі, дивидендтер (сыйақы) төлеу, өтеу туралы мәліметтер және инвестордың бағалы қағаздар сатып алу туралы шешіміне ықпалын тигізетін басқа да ақпарат бар құжат;

59) баспасөз басылымы - таралым саны мен оның таратылу аймақтары бойынша уәкілетті орган белгілеген талаптарға сай келетін мерзімді баспасөз басылымы, оны эмитент пен оның бағалы қағаздарды ұстаушылары өздерінің хабарламаларын және Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес міндетті түрде жариялануға жататын басқа да ақпаратты жариялау үшін пайдалануға тиіс;

60) төлем агенті - банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым;

61) облигацияларды өтеу - эмитенттің орналастырылған облигацияларды сыйақы

мен облигацияның нақтылы құнын төлеу (кейіннен сату мақсатында емес) немесе оны облигациялар шығару проспектісінде белгіленген тәртіппен сол эмитенттің акциясына (акцияларына) айырбастау арқылы айналыстан алу бойынша іс-әрекеті;

62) бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы - алынған лицензияға сәйкес бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

63) пруденциалдық нормативтер - уәкілетті орган белгілеген және алынған лицензия негізінде бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асырғысы келетін немесе жүзеге асыратын ұйым сақтауға жататын нормалардың қаржылық көрсеткіштері;

64) эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру - бағалы қағаздардың бастапқы рыногында инвесторларға бағалы қағаздарды сату;

65) орналастырылған эмиссиялық бағалы қағаздар - бағалы қағаздардың бастапқы рыногында инвесторлар толық төлеген эмиссиялық бағалы қағаздар;

66) тіркеуші - эмиссиялық бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін қалыптастыру, сақтау және жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы;

67) рейтинг - белгілі бір эмитенттің шамамен алғандағы кредиттік қабілетін немесе оның бағалы қағаздарының сапасы мен сенімділігін белгілейтін бағаның сандық және әріптік жеке көрсеткіші;

68) ұйымның басшы қызметкері (басшы қызметкер) - ұйымның басқару органының басшысы және оның орынбасары, ұйымның алқалық атқару органының мүшесі (атқару органының функциясын жеке өзі атқаратын тұлға) және оның орынбасары, филиалдың (өкілдіктің) бас бухгалтері және оның орынбасары, ұйымның филиалының (өкілдігінің) басшысы және бас бухгалтері;

69) өзін-өзі реттейтін ұйым - бағалы қағаздар рыногындағы өз қызметінің бірыңғай ережелері мен стандарттарын белгілеу мақсатында бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары құратын коммерциялық емес ұйым;

70) своп - белгілі бір мерзім өткеннен кейін қайта айырбастау міндеттемесі бар бір бағалы қағаздарды басқа бағалы қағаздарға айырбастау бойынша белгіленген нысандағы туынды бағалы қағаз;

71) бағалы қағаз ұстаушылардың тізілімін жүргізу жүйесі - эмитент, эмиссиялық бағалы қағаздар және уақыттың белгілі бір кезіне эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі құқықтарды ұстаушыларды бірегейлендіруді, бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеуді қамтамасыз ететін олардың ұстаушылары туралы мәліметтер, сондай-ақ осы бағалы қағаздардың айналысқа түсуіне немесе құқықтарды жүзеге асыруға арналған тіркелген шектеулердің сипаты туралы және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де мәліметтер;

72) сауда-саттықты ұйымдастырушының тізімі - сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес жасалған және бекітілген,

сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйесіне айналысқа жіберуге рұқсат етілген қаржы құралдарының тізімі;

73) эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының құрылымы - шығарылатын эмиссиялық бағалы қағаздардың саны, олардың түрі, нақтылы құны (облигациялар үшін) туралы мәліметтер;

74) сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйесі - сауда-саттықты ұйымдастырушының мүшелері арасында бағалы қағаздармен мәмілелер жасауда пайдаланылатын сауда-саттықты ұйымдастырушының материалдық-техникалық құралдарының, ішкі құжаттары мен өзге де қажетті активтерінің және рәсімдерінің жиынтығы;

75) трансфер-агент - бағалы қағаздар рыногында мәмілелер жасау процесінде бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің арасында құжаттар (ақпарат) қабылдау және беру жөнінде қызмет көрсететін бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы;

76) уәкілетті орган - бағалы қағаздар рыногында қалыптасатын қатынастарды мемлекеттік реттеуді және бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

77) инвестициялық портфельді басқарушы - өз атынан, клиенттің мүдделеріне және оның есебінен эмиссиялық бағалы қағаздарды, өзге қаржы құралдарын, сондай-ақ оларды сатып алуға арналған ақшаны сенімгерлікпен басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы;

78) қаржы агенттігі - банктік қызметті немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес экономиканың белгілі бір салаларында мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруға уәкілетті және осы мақсатта капиталдың ішкі және сыртқы рыногында қарыз алуды жүзеге асыратын ұйым. Қаржы агенттігінің мәртебесін уәкілетті орган өзі белгілеген тәртіппен тағайындайды;

79) қаржы құралы - Қазақстан Республикасының аумағына айналысқа жіберілген, тұтыну құны оны айналыс және/немесе төлем құралы ретінде пайдалану мүмкіндігімен айқындалатын және ұлттық валютаға қатынасы бойынша өтімділігі бар қаржылық актив (бағалы қағаздар, туынды бағалы қағаздар және бағалы қағаздар болып табылмайтын өзге де қаржы құралдары);

80) қор биржасы - бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары құратын, қызметінің ерекше түрі Қазақстан Республикасының аумағына айналысқа жіберілген бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен сауда-саттық ұйымдастыру болып табылатын ұйым;

81) фьючерс - белгіленген нысандағы туынды бағалы қағаз, оны сатып алушы белгілі бір мерзім өткеннен кейін өзінің қарсы агентіне келісім-шартта айтылған келісілген баға бойынша активті сатуға (немесе сатып алуға) өзіне міндеттемелер алады;

82) бағалы қағаз - мүліктік құқықты растайтын белгілі бір жазбалардың және басқа

да белгілеулердің жиынтығы;

83) эмиссиялық бағалы қағаздар - бағалы қағаздар, олар: бір шығарылым шегінде бірыңғай сипаттамаларға (олардың жеке түрлер мен санаттарға бөліну мүмкіндігі ескеріле отырып) ие болады; осы шығарылымның барлық бағалы қағаздарына арналған бірдей шарттармен шығарылады, айналысқа түседі және өтеледі (егер бағалы қағаздардың осы түрін өтеу көзделген болса);

олардың әрқайсысы осы шығарылымның басқа бағалы қағаздарымен салыстырғанда мүліктік құқықтардың бірдей көлемін куәландырады;

84) эмиссиялық синдикат (консорциум) - бастапқы бағалы қағаздар рыногында эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру мақсатында бірлескен қызмет туралы шарт негізінде құрылған бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының бірлестігі;

85) эмитент - эмиссиялық бағалы қағаздарды шығаруды жүзеге асыратын және бағалы қағаздарды ұстаушылардың алдында өз атына міндеттемелер алған заңды тұлға.

2-бап. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңдар

1. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңдар Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің, осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің нормаларынан тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда осы заңдағыдан басқа өзге де нормалар белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Бағалы қағаздар рыногын мемлекеттік реттеу

1. Бағалы қағаздар рыногын мемлекеттік реттеуді Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері негізінде іс-әрекет жасайтын уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Бағалы қағаздар рыногын мемлекеттік реттеу жөніндегі функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асыру мақсатында уәкілетті орган:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісім бойынша бағалы қағаздар рыногын қалыптастыру және дамыту саласындағы басымдықты айқындайды;

2) Қазақстан Республикасында бағалы қағаздар рыногының жұмыс істеуін қамтамасыз ету және бағалы қағаздардың ұлттық рыногының инфрақұрылымын қалыптастыру, бағалы қағаздар рыногындағы инвесторлардың Қазақстан Республикасының заң актілерімен қорғалатын құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі мемлекеттік саясатты жүргізеді;

3) өз құзыреті шегінде бағалы қағаздар рыногын мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша бағалы қағаздар рыногының субъектілері сақтауға міндетті нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды;

4) бағалы қағаздармен және туынды бағалы қағаздармен азаматтық құқықтар

объектілерін

мойындайды;

5) мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздардың, туынды бағалы қағаздардың шығарылу және олардың мемлекеттік тіркелу, мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар мен туынды бағалы қағаздарды орналастыру және өтеу, сондай-ақ оларды жою қорытындылары туралы есептерді қарау, оның ішінде Қазақстан Республикасының резиденті еместердің және халықаралық ұйымдардың Қазақстан Республикасының аумағында шығарылуға және орналастырылуға жататын эмиссиялық бағалы қағаздарын мемлекеттік тіркеу тәртібі мен шарттарын белгілейді;

6) эмиссиялық бағалы қағаздардың Мемлекеттік тізілімін және бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиялар мен рұқсаттардың тізілімін жүргізеді;

7) Қазақстан Республикасының резиденті еместер мен халықаралық қаржы ұйымдары шығарған эмиссиялық бағалы қағаздарды Қазақстан Республикасының аумағында айналысқа жіберу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының резиденті еместердің эмиссиялық бағалы қағаздарын Қазақстан Республикасының аумағында айналысқа жіберуге қатысты тыйым салу немесе шектеу тәртібін және шарттарын белгілейді;

8) мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар мен туынды бағалы қағаздардың орналастыруын тоқтатады және қайта жаңғыртады, мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар мен туынды бағалы қағаздардың шығарылымын жояды;

9) бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызмет пен басқа да қызметтің лицензияланатын түрлерін жүзеге асыру ережелерін, оның ішінде бағалы қағаздармен мәмілелер жасау тәртібіне, осы мәмілелерді есепке алу және олар бойынша есеп беру тәртібі мен шарттарына қойылатын талаптарды айқындайды;

10) бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметтің жаңа түрлерін айқындайды;

11) бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін лицензиялар беру тәртібі мен шарттарын белгілейді;

12) лицензиаттардың қаржы тұрақтылығының пруденциалдық нормативтері мен өзге де көрсеткіштерін немесе критерийлерін (нормативтерін), оларды есептеу тәртібі мен есептеу әдісін белгілейді;

13) бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін лицензиялар беруді жүзеге асырады, лицензиялардың қолданылуын тоқтатады және қайта жаңғыртады, сондай-ақ оларды қайтарып алады;

14) лицензиаттардың ішкі құжаттарын келіседі;

15) лицензиаттардың басшы қызметкерлерінің лауазымына кандидатураларды тағайындау үшін келісім береді;

16) лицензиаттардың есеп беру тәртібін және есептердің нысандарын айқындайды;

17) бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға рұқсаттар береді, осындай рұқсаттардың қолданылуын

тоқтатады, қайта жаңғыртады және мерзімін ұзартады, сондай-ақ оларды қайтарып алады ;

18) бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар жұмысының тәртібіне қойылатын талаптарды белгілейді және осы талаптардың сақталуын бақылайды;

19) бағалы қағаздар рыногында жұмыс істегісі келетін жеке тұлғаларды аттестациядан өткізуді жүзеге асырады, аттестациядан өткен адамдарға біліктілік куәліктерін береді, біліктілік куәліктері барларды қайта аттестациялайды және қайта аттестациядан өткен адамдардың біліктілік куәліктерінің қолданылу мерзімін ұзартады, біліктілік куәліктерінің қолданылуын тоқтатады және қайта жаңғыртады, біліктілік куәліктерін қайтарып алады ;

20) эмитенттердің, лицензиаттардың және бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар дайындауды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін қадағалауды жүзеге асырады, өз құзыреті шегінде олардың қызметіне тексеру жүргізеді;

21) біліктілік куәліктерін иеленушілердің қызметіне бақылауды жүзеге асырады;

22) өзінің қарамағындағы бағалы қағаздар рыногының субъектілері туралы мәліметтерді пайдалана отырып (бағалы қағаздар рыногындағы коммерциялық және қызметтік құпиядан тұратын мәліметтерді қоспағанда), бағалы қағаздар рыногының мәселелері жөніндегі ақпаратты, сондай-ақ олардың бағалы қағаздар рыногының субъектілеріне қолданған шаралары туралы ақпаратты жариялайды;

23) бағалы қағаздар рыногын реттеу жөнінде қабылданатын шараларды үйлестіру, бағалы қағаздар рыногында құқық бұзушылықтардың алдын алу және жол бермеу мәселелері және өзара мүддеге қатысты өзге де мәселелер жөнінде бағалы қағаздар рыноктарын реттеу жөніндегі шетелдік органдармен өзара іс-әрекет жасайды;

24) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бағалы қағаздар рыногын мемлекеттік реттеу жөніндегі өзге де функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асырады.

4-бап. Бағалы қағаздар рыногының объектілері

1. Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногының объектілері мыналар болады :

1) ұйымдардың - Қазақстан Республикасы резиденттерінің шығарылымын осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген тәртіппен уәкілетті орган тіркеген мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары;

2) ұйымдардың - Қазақстан Республикасының резиденті еместердің шығарылымын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен уәкілетті орган тіркеген немесе ол Қазақстан Республикасының аумағына айналысқа жіберген мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары ;

3) ұйымдардың - Қазақстан Республикасының резиденті еместердің шығарылымы басқа мемлекеттің заңдарына сәйкес тіркелген және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағына айналысқа

жіберілген мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары;

4) шығарылымын уәкілетті мемлекеттік орган тіркеген немесе ол Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағына айналысқа жіберген халықаралық қаржы ұйымдарының эмиссиялық бағалы қағаздары ;

5) мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар;

6) туынды бағалы қағаздар және өзге де қаржы құралдары;

7) уәкілетті орган таныған бағалы қағаздар және туынды бағалы қағаздар.

2. Эмиссиялық бағалы қағаздардың түрлері Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде және Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленеді.

5-бап. Бағалы қағаздар рыногының субъектілері

1. Бағалы қағаздар рыногының субъектілері жеке және институционалдық инвесторлар, эмитенттер, бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары, бағалы қағаздармен сауда-саттықты ұйымдастырушылар және өзін-өзі реттейтін ұйымдар болып табылады .

2. Жеке инвесторлар эмиссиялық бағалы қағаздарға қаражатты өзі немесе бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялары бар ұйымның қызмет көрсетуін пайдалана отырып инвестициялайды.

3. Институционалдық инвесторлар инвестициялық қызметті, Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйымдардың қызмет көрсетуін пайдалана отырып жүзеге асырады.

4. Бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті, бағалы қағаздармен сауда-саттықты ұйымдастырушылар мен өзін-өзі реттейтін ұйымдардың қызметін жүзеге асыру тәртібі осы Заңда, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде және осы ұйымның ішкі құжаттарында белгіленеді.

2-тарау. Эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу

6-бап. Қазақстан Республикасының эмиссиялық бағалы қағаздарының мемлекеттік тізілімі

1. Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімін жүргізуді уәкілетті орган жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының эмиссиялық бағалы қағаздарының мемлекеттік тізіліміне Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және айналысқа жіберілген эмиссиялық бағалы қағаздар мен олардың эмитенттері туралы мәліметтер енгізу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді .

2. Қазақстан Республикасының эмиссиялық бағалы қағаздарының мемлекеттік тізіліміне олар жөнінде мәліметтер енгізілмеген эмиссиялық бағалы қағаздар Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында мәмілелер объектісі бола алмайды.

7-бап. Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылымы

1. Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылымын жүзеге асыру, оларды тіркеу, орналастыру, айналысқа шығару және өтеу тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

2. Мемлекеттік бағалы қағаздарға ұлттық бірегейлендіру нөмірлерін беру тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

8-бап. Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу

1. Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу осы Заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуге мыналар кіреді:

1) ұсынылған құжаттарды және олардың сараптамасын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қарау;

2) эмиссиялық бағалы қағаздарға ұлттық бірегейлендіру нөмірлерін беру және Қазақстан Республикасының эмиссиялық бағалы қағаздарының мемлекеттік тізіліміне олар және эмитент туралы мәліметтер енгізу;

3) эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының және эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымы проспектісінің мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктер беру.

3. Уәкілетті орган мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылымы туралы құжаттарды олар мемлекеттік тіркеуге ұсынылған күннен бастап отыз күн ішінде қарайды.

Эмиссиялық бағалы қағаздарды мемлекеттік тіркеуге қосымша құжаттар ұсынылған жағдайда қарау мерзімі жаңғыртылады.

4. Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару тәртібі, сондай-ақ оларды орналастыру, айналысқа шығару және өтеу ерекшеліктері осы Заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

5. Эмитент пен оның қызметкерлері эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге ұсынған құжаттарда шынайы емес және толық емес мәліметтер бергені үшін Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жауапкершілікте болады.

6. Уәкілетті орган эмиссиялық бағалы қағаздарды мақсатқа сай болмау дәлелдері бойынша мемлекеттік тіркеуден бас тартуға құқылы емес.

7. Егер эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру және айналысқа шығару

процесінде эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуге ұсынылған құжаттарда шынайы емес және толық емес мәліметтер берілу фактілері анықталған болса, уәкілетті орган жауапкершілік атқармайды.

9-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының проспектісі

1. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының проспектісінде мынадай мәліметтер болуға тиіс:

- 1) эмитент пен оның қызметінің түрлері туралы;
- 2) эмитенттің жарғылық капиталындағы акциялардың (үлестердің) он және одан да астам процентін иеленуші акционерлер (қатысушылар) туралы;
- 3) кейінгі үш жылдағы басшы қызметкерлер, олардың лауазымдары туралы мәліметтер, сондай-ақ эмитенттің қатысушысы (акционері) болып табылатындардың оның жарғылық капиталындағы акцияларының саны (үлестерінің мөлшері) туралы көрсете отырып, эмитент органдарының құрылымы туралы;
- 4) баланстық құнын көрсете отырып, эмитенттің активтері туралы, эмитенттің тұтынушылары және өнімді (жұмысты, қызмет көрсетуді) жеткізушілері туралы;
- 5) эмитенттің мүлкін бағалау туралы (қамтамасыз етілген облигациялар шығарған кезде);
- 6) кредиторлардың (дебиторлардың) тізбесін және берешектерді өтеу мерзімін көрсете отырып, кредиторлық және дебиторлық берешектердің бар-жоғы туралы;
- 7) эмитенттің аффилиирленген тұлғалары туралы;
- 8) жарияланған бағалы қағаздардың саны, олардың түрлері (санаттары), төлем жасау тәсілдері, бағалы қағаздар бойынша кіріс алу, оның ішінде облигациялардың нақтылы құны, олардың айналыс мерзімі және өтеу тәртібі туралы;
- 9) бағалы қағаздарды конвертациялау тәртібі туралы;
- 10) облигация ұстаушылардың өкілі туралы (ипотекалық және қамтамасыз етілген облигациялар шығарған кезде);
- 11) облигация ұстаушылардың жиналысын өткізу туралы хабарлама жариялануға жататын баспасөз басылымы туралы (ипотекалық және қамтамасыз етілген облигациялар шығарған кезде);
- 12) төлем агенті туралы;

13) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өзге де мәліметтер.

Эмитенттің аудиторлық ұйым растаған соңғы екі қаржы жылындағы қаржылық есебі және эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуге құжаттар берудің алдындағы есеп берудің соңғы күніне қаржылық есебі эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымы проспектісінің ажырамас бөліп болып табылады.

2. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымы проспектісінің құрылымы және оны ресімдеу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

3. Эмитент уәкілетті органға эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымы

проспектісінде бар мәліметтердің өзгергені туралы мәліметтерді көрсетілген жағдай басталған күннен бастап он күн ішінде ұсынуға міндетті.

10-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден бас тарту және шығарылымды мемлекеттік тіркеуді тоқтата тұру

1. Эмитент шығарылымды мемлекеттік тіркеуге құжаттар ұсыну тәртібін бұзған жағдайда және құжаттарды қарау барысында ұсынылған құжаттардағы мәлімдердің шынайы еместігі немесе толық еместігі анықталғанда уәкілетті орган эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден бас тартуға құқылы.

2. Егер ұсынылған құжаттарды қарау барысында эмитентті құру немесе оның қызметі туралы қосымша мәліметтерді алу қажеттігі туындаса, уәкілетті орган эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуді тоқтата тұруға құқылы.

3. Эмитент уәкілетті органның эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден бас тарту туралы шешіміне сот тәртібімен шағым беруге құқылы.

11-бап. Акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу

1. Акционерлік қоғам жарғысында белгіленген санда жария етілген акциялар шығарылымы уәкілетті органда мемлекеттік тіркелуге жатады. Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы шешімді акционерлік қоғам құрылтайшылары (құрылтайшысы) қабылдайды. Акционерлік қоғам заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап екі айдың ішінде жария етілген акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге құжаттарды ұсынуға міндетті.

2. Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы құрылтайшылардың (құрылтайшының) шешімінде:

1) эмитенттің атауы және оның заңды мекен-жайы көрсетіле отырып, құрылтайшылардың жиналысы өткізілетін жер және күні;

2) мәжіліске қатысқан құрылтайшылардың тізімі;

3) акциялардың түрі және олардың жалпы саны;

4) құрылтайшылар арасында орналастырылатын акциялардың саны және олардың акцияларды төлеу тәртібі;

5) жарияланған акциялардың құрылтайшылар арасында орналастырылатын бағасы болуы тиіс.

3. Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу акционерлік қоғам ұсынған мынадай құжаттардың:

1) еркін нысанда жазылған өтініш;

2) құрылтайшылар жиналысы хаттамасының немесе акционерлік қоғам құрылтайшысының жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы шешімінің көшірмелері;

- 3) акционерлік қоғам жарғысының нотариат куәландырған көшірмесі;
- 4) акционерлік қоғамды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі;
- 5) акционерлік қоғамның статистикалық карточкасының көшірмесі;
- 6) акциялар шығарылымы проспектісінің екі данасы;
- 7) акционерлік қоғамның құрылтайшылары арасында орналастырылатын жарияланған акциялар үшін төлем жасалғанын растайтын құжаттар негізінде жүзеге асырылады.

Ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес келген жағдайда, уәкілетті орган акцияларға ұлттық бірегейлендіру номерін беру және акционерлік қоғамға жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік пен акциялар шығарылымы проспектісінің бір данасын беру (жіберу) арқылы жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады.

4. Жарияланған акцияларға ұлттық бірегейлендіру номерін беру тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленеді. Барлық жария етілген бір санаттағы акциялардың бірдей ұлттық бірегейлендіру номері болады.

5. Тіркеуші акционерлік қоғам құрылтайшыларының (құрылтайшысының) акциялар жөніндегі құқықтарын тіркеуді жарияланған акциялар шығарылымы мемлекеттік тіркелгеннен кейін жүзеге асырады.

6. Уәкілетті орган барлық жария етілген акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті (есептерді) бекіткеннен кейін акционерлік қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы кейін акционерлік қоғам жарғысына және акциялар шығарылымы проспектісіне өзгерістер енгізе отырып, жария етілген акциялардың жарғыда көрсетілген санын көбейту туралы шешім қабылдауға құқылы. Акциялар шығарылымы проспектісіне өзгерістерді тіркеу және жария етілген акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті ауыстыру тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

12-бап. Мемлекеттік емес облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу

1. Эмитент облигацияларды мемлекеттік тіркеу үшін уәкілетті органға мынадай құжаттар ұсынуға міндетті:

- 1) еркін нысанда жазылған өтініш;
- 2) облигацияларды орналастыру нәтижесінде эмитент алған қаражатты пайдалану тәртібі, шығарылым көлемі, облигациялар саны мен түрі, бір облигацияның нақтылы құны, облигация ұстаушылардың құқықтары, сондай-ақ облигацияларды шығару, орналастыру, айналысқа шығару және өтеу тәртібі бар облигациялар шығарылымы туралы эмитент органы шешімінің көшірмесі;
- 3) облигациялар шығарылымы проспектісінің (облигациялық бағдарлама проспектісінің) екі данасы;

- 4) жарғының нотариат куәландырған көшірмесі;
- 5) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркелгені) туралы куәліктің көшірмесі;
- 6) статистикалық карточканың көшірмесі;
- 7) егер облигациялардың эмитенті акционерлік қоғам болып табылса, акциялардың мемлекеттік тіркелгенін және акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есептердің бекітілгенін растайтын құжаттардың көшірмелері;
- 8) облигациялар шығару туралы шешім қабылданған күннің алдындағы соңғы қаржы жылындағы эмитенттің қаржылық жай-күйін растайтын аудиторлық есеп;
- 9) егер облигациялардың эмитенті шаруашылық серіктестік болып табылса, жарғылық капиталдың толық төленгенін растайтын аудиторлық есеп;
- 10) егер облигация эмитенттің мүлкімен немесе үшінші тұлғаның кепілдігімен қамтамасыз етілетін болса, осы қамтамасыз етуді немесе кепілдікті растайтын құжаттар ;
- 11) кредиторлар тарапынан эмитентке қойылған талаптардың жоқ екенін растайтын құжаттар (эмитенттің орындалмаған міндеттемелері болған кезде);
- 12) облигациялар шығарылымы туралы шешім қабылданған акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысын шақыру туралы хабарландыру жарияланған баспасөз басылымы беттерінің көшірмесі.

2. Облигацияларға ұлттық бірегейлендіру номерін берудің және мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті берудің тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді. Әрбір облигациялар шығарылымының облигациялық бағдарлама шегінде өзінің ұлттық бірегейлендіру номері болады.

13-бап. Облигациялық бағдарламаны және облигациялық бағдарлама шегінде облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу тәртібі

1. Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу үшін эмитент ұсынған құжаттар Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес келген жағдайда уәкілетті орган облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды алған күннен бастап отыз күн ішінде облигациялық бағдарламаның проспектісін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады.

2. Тіркелген облигациялық бағдарлама шегінде облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін уәкілетті органға эмитент ұсынған құжаттар оларды ұсынған күннен бастап он төрт күнтізбелік күн ішінде уәкілетті органның қарауына жатады.

4. Облигациялық бағдарламаны немесе облигациялық бағдарлама шегінде облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін эмитент ұсынған құжаттар Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес келген жағдайда уәкілетті орган мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады және эмитентке облигациялық бағдарламаның немесе облигациялық бағдарлама шегінде облигациялар

шығарылымының мемлекеттік тіркелгені туралы куәлік береді.

5. Облигациялық бағдарламаны немесе облигациялық бағдарлама шегінде облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін эмитент ұсынған құжаттар Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда уәкілетті орган мемлекеттік тіркеуден бас тарту себебін түсіндіре отырып эмитентке жібереді. Эмитент мемлекеттік тіркеуден бас тарту себебін жойғаннан кейін уәкілетті орган құжаттарды қарауды осы баптың 3, 4-тармақтарына сәйкес жүзеге асырады.

6. Уәкілетті орган мынадай жағдайларда, егер:

1) мемлекеттік тіркеу үшін эмитент ұсынған құжаттар Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес келмесе;

2) қор биржасында осы облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған облигациялар бойынша сауда-саттық тоқтатылып тұрса;

3) осы облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған облигацияларға делистинг жүргізілсе;

4) облигациялық бағдарлама шегінде облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу нәтижесінде айналыстағы облигациялар шығарылымының жалпы сомасы осындай облигациялық бағдарлама сомасынан асып кетсе;

5) облигациялық бағдарламаны немесе облигациялық бағдарлама шегінде облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттар ұсынған күні эмитент осы баптың 1-тармағына сәйкес уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сай келмесе, эмитентке облигациялық бағдарламаны немесе облигациялық бағдарлама шегінде облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден бас тартуға құқылы.

3-тарау. Облигацияларды шығарудың және айналысқа шығарудың ерекше шарттары

14-бап. Облигациялық бағдарлама шегінде облигациялар шығару

1. Акционерлік қоғамның ұжымдық-құқықтық нысанында жұмыс істейтін эмитент мынадай шарттарды сақтаған жағдайда:

1) бұрын шығарылған облигациялар бойынша дефолт фактілері болмаса;

2) меншік капиталы үш миллиард теңгеден кем болмауы тиіс;

3) соңғы үш жыл ішінде шығынсыз жұмыс істеуді жүзеге асырса; 4)

облигацияларды сауда-саттық ұйымдастырушының тізіміне енгізуге үміткер эмитенттер бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушының талаптарына сай келсе, облигациялық бағдарлама шегінде облигациялар шығаруды жүзеге асыруға құқылы.

2. Эмитент облигациялық бағдарлама проспектісінде және облигациялар

шығарылымының ерекше нұсқамасында көзделген шарттарға сәйкес облигациялық бағдарлама шегінде құрылымы бойынша әр түрлі облигациялар шығаруды жүзеге асыруға құқылы.

3. Облигациялық бағдарлама шегінде облигациялар шығаруды жүзеге асыратын эмитент орындауға тиісті айрықша шарттар мен шектеулерді облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу тәртібін және шарттарын уәкілетті орган белгілейді.

15-бап. Облигациялардың кейінгі шығарылымы

1. Эмитент бұрын өзі шығарған облигацияларды бағалы қағаздардың қайталама рыногына айналысқа шығарған кезде, егер:

1) ипотекалық облигациялар шығару туралы шешім қабылданса; немесе
2) уәкілетті органға облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттар ұсынған күні эмитенттің бұрын шығарылған облигацияларды өтеу немесе бағалы қағаздардың қайталама рыногында айналыста жүрген облигациялар бойынша сыйақы төлеу жөнінде міндеттемелерді орындамау немесе уақтылы орындамау жағдайлары болмаса; немесе

3) уәкілетті органға облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттар ұсынған күні эмитенттің уәкілетті орган белгілеген тізбеге сәйкес халықаралық рейтинг агенттіктерінің жіктеуі бойынша кредиттік рейтинг бағасы болса; және

4) облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін уәкілетті органға құжаттар ұсыну алдындағы соңғы тоқсанның қорытындысы бойынша левередж көлемі екеуден аспаса және жаңа шығарылымның барлық облигацияларын орналастыру нәтижесінде көрсетілген көлемнен аспаса, облигациялардың кейінгі шығарылымын жүзеге асыруға құқылы.

2. Банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген талаптарды сақтаған жағдайда бұрын шығарылған облигацияларды бағалы қағаздардың қайталама рыногына айналысқа шығарғанда облигациялардың келесі шығарылымын жүзеге асыруға құқылы.

16-бап. Айналыс мерзімі үш айдан аспайтын облигациялар шығару

1. Айналыс мерзімі үш айдан аспайтын облигациялар шығаруды бағалы қағаздары листингтің белгілі бір санаты бойынша қор биржасы тізіміне енгізілген және осы Заңның 18-бабының 1-тармағының 2)-4) тармақшаларының талаптарына сәйкес келетін эмитент жүзеге асыруға құқылы.

2. Айналыс мерзімі үш айдан аспайтын облигацияларды орналастыру және айналысқа шығару қор биржасының сауда жүйесінде ғана жүзеге асырылады.

3. Айналыс мерзімі үш айдан аспайтын облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленеді.

17-бап. Конверсияланатын облигациялар шығарылымы

1. Акционерлік қоғам оның акциясына конверсияланатын облигациялар шығарылымын жүзеге асыруға құқылы.

Конверсияланатын облигациялар шығарылымы акционерлік қоғам жарғысында көзделуі тиіс.

2. Облигацияларды акционерлік қоғам акцияларына конверсиялау облигация ұстаушылардың қалауы бойынша облигациялар шығарылымының проспектісімен белгіленген облигацияларды эмитенттің акцияларына конверсиялау тәртібіне және шарттарына сәйкес жүргізіледі. Облигация ұстаушы облигацияларды акцияларға конверсиялаудан бас тартқан жағдайда эмитент облигацияларды олардың нақты құндары бойынша ақшамен өтеуге міндетті.

18-бап. Агенттік облигацияларды шығару тәртібі

1. Агенттік облигациялар шығаруды қаржы агенттіктері жүзеге асырады.

2. Агенттік облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу мақсатында уәкілетті органға қаржы агенттігі ұсынатын агенттік облигациялар шығару айналысқа шығару және өтеу тәртібі және шарттары, құжаттар тізбесі және шығарылымды мемлекеттік тіркеу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

19-бап. Облигация ұстаушылардың жиналысы

1. Облигация ұстаушылардың жиналысын өткізу ипотекалық және қамтамасыз етілген облигациялардың айналысы барысында жүзеге асырылады.

2. Облигация ұстаушылардың жиналысы:

1) облигация ұстаушылар өкілінің;

2) бір шығарылымның орналастырылған облигацияларының жиырма бес және одан көп процентін иеленген (жиынтығында иеленген) облигация ұстаушының (ұ с т а у ш ы л а р д ы ң) ;

3) эмитенттің атқарушы органының;

4) эмитенттің тарату комиссиясының бастамасы бойынша өткізіледі.

3. Облигация ұстаушылардың жиналысын дайындауды және оны өткізуді эмитенттің атқарушы органы жүзеге асырады.

Эмитенттің атқарушы органы (тарату комиссиясы) осы баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардың облигация ұстаушылардың жиналысын өткізу туралы талаптарын орындауға міндетті.

4. Атқарушы орган (тарату комиссиясы) облигация ұстаушыларға облигация ұстаушылардың жиналысы өткізілетін күннен он күн бұрын атауы облигациялар шығарылымы проспектісінде көрсетілген баспасөз басылымында жиналыстың күн тәртібін, өткізілетін жерін және уақытын көрсете отырып хабарландыру жариялау арқылы не әр облигация ұстаушыға жиналыс өткізетіні туралы мұндай хабарламаны дербес жіберу арқылы хабарлайды.

5. Егер жиналысқа тиісті шығарылым облигацияларының жиынтығында елу және одан көп процентін иеленген облигация ұстаушылар (олардың өкілдері) қатысса,

облигация ұстаушылардың жиналысы шешім қабылдауға құқылы.

6. Облигация ұстаушылар жиналысы эмитенттің облигация ұстаушылар алдындағы міндеттемелерін облигациялар шығарылымы проспектісіне сәйкес орындауды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы шешімдерді қарайды және қабылдайды.

7. Облигация ұстаушылардың жиналысын шақыру және өткізу бойынша шығыстар эмитентке жүктеледі.

20-бап. Облигация ұстаушылардың өкілі

1. Ипотекалық және қамтамасыз етілген облигацияларды шығарған және айналысқа шығарған кезде эмитент алдында облигация ұстаушылардың мүдделерін білдіруді облигация ұстаушылардың өкілі (бұдан әрі - өкіл) жүзеге асырады.

Өкіл таңдауды эмитент дербес жүзеге асырады.

Өкіл эмитенттің аффилиирленген тұлғасы болмауы тиіс.

2. Өкілдің өкілеттігін оны өкіл ретінде келісудің алдындағы алты ай бойы пруденциалдық нормативтерді және басқа да сақтауға міндетті нормалар мен лимиттерді сақтаған екінші деңгейдегі банктер жүзеге асыруға құқылы.

3. Эмитент ипотекалық және қамтамасыз етілген облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттар ұсынудың алдында уәкілетті органға өкілдің кандидатурасын келісу туралы өтініш ұсынуға міндетті.

Өкілдің кандидатурасын келісу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

4. Эмитент пен өкіл арасында жасалатын облигация ұстаушылардың мүдделерін білдіру туралы шарттың мазмұнына қойылатын талаптар, сондай-ақ өкілдің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібі мен жағдайлары уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

21-бап. Өкілдің функциялары және міндеттері

1. Өкіл мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) эмитенттің облигациялар шығарылымы проспектісінде белгіленген облигация ұстаушылар алдындағы міндеттемелерін орындауын бақылайды;

2) эмитенттің облигация ұстаушылар алдындағы міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету болып табылатын мүліктің жай-күйін бақылайды;

3) облигациялар бойынша сыйақы төлеу және оларды өтеу кезінде төлем агентінің функциясын орындайды;

4) эмитентпен эмитенттің облигация ұстаушылар алдындағы міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету болып табылатын мүлікке қатысты кепіл шартын жасайды;

5) облигация ұстаушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған шараларды қабылдайды;

6) облигация ұстаушыларға осы тармақтың 1)-4) тармақшаларына сәйкес өз әрекеттері туралы және мұндай әрекеттердің нәтижелері туралы хабарлайды.

2. Өкіл облигация ұстаушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында:

1) облигация ұстаушылардың құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтіруге әкеліп соқтыруы мүмкін жағдайларды анықтауға және көрсетілген жағдайлар туралы оларға үш күн ішінде хабарлауға;

2) эмитенттің облигация ұстаушылардың алдындағы міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету болып табылатын мүлікке кепіл құқығын ресімдеуге және тіркеуге байланысты құқықтық қатынастарда облигация ұстаушылардың мүддесін білдіруге;

3) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен эмитенттің облигация ұстаушылар алдындағы міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету болып табылатын мүліктің жай-күйіне бақылауды жүзеге асыруға;

4) облигациялар бойынша сыйақылардың уақтылы төленуіне бақылауды жүзеге асыруға;

5) уәкілетті органға және облигация ұстаушыларға эмитенттің облигация ұстаушылар алдындағы міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету болып табылатын мүліктің жай-күйі туралы хабарлауға;

6) уәкілетті органға және облигация ұстаушыларға эмитентпен шартты бұзған күннен бастап үш күн ішінде оның өкіл ретіндегі өкілеттіктерінің тоқтатылғаны туралы хабарлауға;

7) уәкілетті органға және облигация ұстаушыларға олардың сұратуы бойынша оның өкіл ретіндегі қызметіне қатысты ақпаратты және құжаттарды беруге;

8) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өкілдің өкілеттіктерін жүзеге асыруға байланысты бағалы қағаздар рыногындағы өзіне белгілі болған коммерциялық және қызметтік құпиядан тұратын мәліметтерді жария етпеуге, сондай-ақ көрсетілген деректерді эмитенттің және облигация ұстаушылардың мүдделеріне қайшы келетін мақсаттарға пайдаланбауға міндетті.

3. Өкілдің осы баптың 1 және 2-тармақтарында белгіленген функциялар мен міндеттерді орындау тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

4-тарау. Эмиссиялық бағалы қағаздарды бағалы қағаздардың бастапқы рыногына орналастыру

22-бап. Инвесторлардың эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымы туралы ақпарат алуға құқығы

1. Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде эмитент (андеррайтер, эмиссиялық синдикат) инвестордың бірінші талап етуі бойынша оған танысу үшін эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының проспектісін түпнұсқа немесе көшірме (баспаханалық немесе өзге әдіспен дайындалған брошюра) түрінде беруге міндетті.

2. Эмитент (андеррайтер, эмиссиялық синдикат) эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымы проспектісінің брошюрасын бергені үшін инвестордан оны дайындауға жұмсалған шығыс көлемінен аспайтын мөлшерде ақы алуға құқылы.

3. Проспект брошюрасының мазмұны эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымы проспектісінің түпнұсқасының мазмұнына толық сәйкес болуы тиісті.

4. Инвестор эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының проспектісі брошюрасының уәкілетті органдағы проспектінің түпнұсқасына сәйкес келуін тексеру туралы, осы мақсатта мұндай брошюраны уәкілетті органға бере отырып, өтінім жасауға құқылы.

23-бап. Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру тәртібі

1. Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде белгіленген шектеулерді ескере отырып, бағалы қағаздардың ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған рыногында жүзеге асырылады.

Эмитент (андеррайтер, эмиссиялық синдикат) эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруды бағалы қағаздардың ұйымдаспаған рыногында жазылым жүргізу арқылы жүзеге асыруға құқылы.

Эмиссиялық бағалы қағаздарды бағалы қағаздардың ұйымдасқан рыногында орналастыру сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі қуаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Эмитент эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркегеннен кейін он күн ішінде оларды инвесторлардың шек қойылмаған тобы арасында орналастырған кезде өз қызметі және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленген тәртіппен орналастыруға жататын эмиссиялық бағалы қағаздар туралы мәліметтерді баспасөз басылымында жариялауға міндетті.

3. Эмиссиялық бағалы қағаздарды ұйымдаспаған бағалы қағаздар рыногында орналастыру эмитентке (андеррайтерге, эмиссиялық синдикатқа) инвесторлар ұсынған жазбаша тапсырыстар негізінде жазылым жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Инвесторлардың барлық өтінімдерін орындау мүмкін болмаған жағдайда, бұрын түскен өтінімдер орындалады.

4. Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде акционерлердің акцияларды немесе акцияларға конверсияланатын бағалы қағаздарды артықшылықпен сатып алу құқығын пайдалану жағдайларын қоспағанда, немесе осы эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар сатып алуға туынды бағалы қағаздар ұстаушылар құқығын белгілейтін, эмитент өзінің бұрын қабылдаған міндеттемелерін орындаған жағдайда, бір инвестордың басқаның алдында эмиссиялық бағалы қағазды сатып алуға артықшылық берілген құқықты жазылым жүргізу арқылы белгілеуге тыйым салынады.

5. Эмитентке эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде бағалы

қағаздарды кері сатып алу міндеттемесімен мәміле жасауға тыйым салынады.

6. Инвестор бағалы қағаздарға ақы төлеу жөніндегі міндеттемесін орындаған күннен бастап үш күн ішінде эмитент бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімін жүргізу жүйесіндегі өзінің жеке есепшотына инвестор сатып алған эмиссиялық бағалы қағаздарды есептеу туралы бұйрықты тіркеушіге беруге міндетті.

24-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздарға ақы төлеу және орналастыру бағасы

1. Акцияларға ақы төлеу тәртібі және ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленеді.

2. Облигацияларға ақы төлеу тек қана ақшалай жүзеге асырылады.

3. Эмиссиялық бағалы қағаздарды бағалы қағаздардың ұйымдаспаған рыногына орналастыру кезінде ақы төлеу барлық инвесторлар үшін бірдей баға бойынша жүзеге асырылады.

4. Акцияларды бағалы қағаздардың ұйымдаспаған рыногында орналастыру бағасын :

1) акцияларды құрылтайшылар арасында орналастыру бағасы туралы шешім қабылдаған кезде акционерлік қоғамның құрылтай жиналысы;

2) акционерлік қоғамның Қазақстан Республикасының заңдарына және қоғам жарғысына сәйкес жарияланған акцияларды бұдан әрі орналастыру туралы шешім қабылдау құқығы бар органы белгілейді.

5. Акцияларды бағалы қағаздардың ұйымдасқан рыногына орналастыру бағасы бағалы қағаздардың ұйымдасқан рыногына айналысқа шығару жүзеге асырылатын акциялардың орташа алынған бағасынан төмен болмауы тиіс. Акцияның орташа алынған бағасын есептеуді орналастыру басталар алдындағы соңғы он екі айдағы сауда-саттық ұйымдастырушының сауда-саттық жүйесінде тіркелген мәмілелер туралы мәліметтер негізінде сауда-саттық ұйымдастырушы жүргізеді.

25-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есеп

1. Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есепті қарау және бекіту үшін ұсынылатын құжаттар тізбесі және оны ресімдеу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

2. Эмитент уәкілетті органға шығарылымын уәкілетті орган тіркеген барлық эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастырғанға дейін оларды бағалы қағаздардың бастапқы рыногына орналастырудың әрбір алты айдағы қорытындысы бойынша бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейінгі келесі айдың ішінде уәкілетті органға ұсынуға міндетті.

3. Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есепті уәкілетті орган он төрт күнтізбелік күн ішінде қарайды.

Егер құжаттарды қарау барысында эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру

қорытындылары туралы шынайы емес немесе нақты емес мәліметтер ұсыну фактісі анықталса, уәкілетті орган эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекітуден бас тартуға құқылы.

Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекітуден бас тартқан жағдайда эмитент бас тартуды алған күннен бастап отыз күн ішінде уәкілетті органға пысықталған есепті қайта ұсынуға міндетті.

26-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздарды бағалы қағаздардың бастапқы рыногына орналастыруды тоқтата тұру

1. Эмитент эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есепті ұсынбаған жағдайда, сондай-ақ эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есепті қарау барысында есепте көрсетілген мәліметтердің эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін ұсынылған құжаттарға сәйкес еместігі анықталса, уәкілетті орган эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруды тоқтата тұру туралы шешім қабылдауға құқылы.

2. Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруды тоқтата тұру туралы шешімді уәкілетті орган эмитентке жібереді, ол тіркеушіге факсимильді немесе электронды почта бойынша эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруды тоқтата тұру туралы хабарламаны дереу жіберуге міндетті.

3. Эмитент уәкілетті органның эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруды тоқтата тұру туралы шешімін алған күннен бастап үш күннің ішінде баспасөз басылымында эмиссиялық бағалы қағаздарды бағалы қағаздардың бастапқы рыногына орналастыруды тоқтата тұру туралы хабарлама жариялауға және уәкілетті орган белгілеген мерзімде анықталған жөнсіздіктерді жоюға бағытталған барлық әрекеттерді қолдануға міндетті. Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруды қайта жаңарту анықталған жөнсіздіктерді жойғаннан кейін уәкілетті органның жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады.

27-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымы жойылған кезде инвестицияларды қайтару

1. Эмитент эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруды тоқтата тұру себептерін жоймаған жағдайда уәкілетті орган эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеудің күшін жою туралы шешім қабылдауға құқылы. Уәкілетті орган эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есеп бекітілгеннен кейін көрсетілген шешімді қабылдауға құқылы емес.

2. Уәкілетті орган эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын жою туралы шешім қабылдаған жағдайда эмитент уәкілетті органның тиісті хабарламасын алған күннен бастап үш күн ішінде бұл туралы баспасөз басылымында хабарлама жариялау арқылы инвесторларға хабарлауға және екі ай ішінде бағалы қағаздарды алуға және инфляцияны ескере отырып түзетілген инвестицияларды инвесторларға қайтаруға міндетті (бұдан әрі - бастапқы инвестициялар). Облигациялар шығарылымын жойған

жағдайда бастапқы инвестицияларды қайтаруды әрбір инвестордың облигацияға нақты иелік еткен кезеңінде алынбаған сыйақыны ескере отырып, эмитент жүзеге асырады.

3. Бастапқы инвестицияларды қайтаруды эмитент дербес немесе төлем агентінің қызмет көрсетуін пайдалана отырып жүзеге асырады.

4. Инвесторлардың бастапқы инвестицияларды қайтаруға байланысты барлық шығасыларын, мұндай шығасылардың көлемін растайтын құжаттар негізінде эмитент қайтаруы тиіс.

5. Эмитент эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын жою туралы хабарламаны алған сәттен бастап бір күннің ішінде бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімі жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын тіркеушіге уәкілетті органның шығарылымын жою туралы хабарламасын алған күнгі бастапқы инвестицияларды алуға құқығы бар тұлғалардың тізімін жасау туралы хабарламаны факсимильді немесе электронды почта арқылы жіберуге міндетті.

Эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын жою туралы хабарламасын алған сәттен бастап тіркеуші бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін жүргізу жүйесінде осы бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеуді жүзеге асыруға құқылы емес және бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін жүргізу жүйесінде жеке есепшоттары бар нақтылы ұстаушыларға факсимильді немесе электронды почта арқылы эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын жою туралы хабарламаны жіберуге міндетті. Нақтылы ұстаушылар көрсетілген хабарламаны алған сәттен бастап уәкілетті орган шығарылымын жойған эмиссиялық бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеуді жүзеге асыруға құқығы жоқ.

6. Эмитент осы баптың 2-тармағына сәйкес белгіленген мерзім өткеннен кейін жеті күн ішінде уәкілетті органға бағалы қағаздарды айналыстан алу және бастапқы инвестицияларды инвесторларға қайтару туралы есепті ұсынуға міндетті.

7. Бағалы қағаздарды айналыстан алу және бастапқы инвестицияларды инвесторларға қайтару туралы есептің нысаны, мазмұны және ұсыну тәртібі, сондай-ақ оны қарау тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

8. Эмитент оларды қайтарудың осы Заңда айқындалған тәртібін және мерзімін сақтамаған жағдайда, бастапқы инвестицияларды мәжбүрлеп өндіріп алу Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

28-бап. Инвесторларға эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылымын жою туралы хабарлау

1. Инвесторларға эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылымын жою туралы хабарлауды эмитент:

1) тиісті хабарламаны баспасөз басылымында жариялау;
2) бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімі жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын тіркеушінің қызметін пайдалана отырып, тиісті хабарды тарату арқылы жүргізеді.

2. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын жою туралы хабарда: 1) эмитенттің толық атауы және мекен-жайы;

- 2) бағалы қағаздардың түрі және саны, эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының мемлекеттік тіркелген күні және шығарылымды бірдей бірегейлендіру үшін қажетті өзге де мәліметтер;
- 3) уәкілетті органның эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылымын жою жөніндегі шешімі туралы мәліметтер;
- 4) алғашқы инвестицияларды қайтару тәртібінің сипаттамасы;
- 5) алғашқы инвестицияларды қайтару солар арқылы жүзеге асырылатын төлем агентінің және оның филиалдарының атауы және мекен-жайлары туралы мәліметтер (о с ы н д а й б о л ғ а н ж а ғ д а й д а) ;
- 6) бір бағалы қағаздың есебімен қайтарылуға жататын алғашқы инвестициялар к ө л е м і ;
- 7) шығарылымның жойылуына байланысты бағалы қағаздармен мәмілелер жасаудың мүмкін еместігі көрсетілуі тиіс.

29-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жарамсыз деп тану

1. Эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру (айналысқа шығару) процесінде сот тәртібімен жарамсыз деп танылуы мүмкін.

2. Эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жарамсыз деп тануға :

1) эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру немесе айналдыру процесінде эмитенттің Қазақстан Республикасының заңдарын бұзуы;

2) эмитентті заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыруға негіз болған құжаттарда шынайы емес ақпараттың анықталуы;

3) эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуге негіз болған құжаттарда шынайы емес ақпараттың анықталуы негіз болып табылады.

3. Эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жарамсыз деп тану эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылымын жою үшін негіз болып табылады.

5-тарау. Бағалы қағаздардың қайталама рыногындағы эмиссиялық бағалы қағаздардың айналысы

30-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздар айналысының тәртібі

1. Бағалы қағаздардың қайталама рыногындағы эмиссиялық бағалы қағаздардың айналысы бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің ұйымдасқан немесе ұйымдаспаған бағалы қағаздар рыногында осы бағалы қағаздарға қатысты азаматтық-құқықтық мәмілелер жасау арқылы жүзеге асырылады.

2. Эмиссиялық бағалы қағаздармен мәмілелер жасау және оларды бағалы

қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жүйесінде немесе бағалы қағаздарды нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде тіркеу тәртібі осы Заңда және осы Заңға сәйкес аталған мәмілелерді жүзеге асыру құқығын иеленген лицензиаттардың ішкі құжаттарында белгіленеді.

31-бап. Бағалы қағаздардың қайталама рыногындағы эмиссиялық бағалы қағаздардың айналысын тоқтата

тұру

1. Уәкілетті орган:

1) инвесторлардың эмиссиялық бағалы қағаздарды сатып алуы барысында олардың құқықтары мен мүдделері;

2) эмиссиялық бағалы қағаздармен мәмілелер жасау тәртібі бұзылған жағдайда бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жүйесінде немесе бағалы қағаздарды нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде жеке есепшоттардағы эмиссиялық бағалы қағаздарды оқшаулау арқылы бағалы қағаздардың қайталама рыногындағы эмиссиялық бағалы қағаздардың айналысын тоқтата тұру туралы шешім қабылдауға құқылы.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген негіздер бойынша эмиссиялық бағалы қағаздардың айналысын тоқтата тұру туралы шешім қабылданған жағдайда уәкілетті орган эмитентке және мәміле жасауға қатысатын (қатысқан), анықталған заң бұзушылықтарды уәкілетті орган белгілеген мерзімде жоюға және ескертпенің орындалғаны туралы не анықталған заң бұзушылықтарды жою мүмкіндігі жоқ екендігі туралы жазбаша түсіндірме беруге міндетті тұлғаларға ескертпе жібереді.

3. Эмитент уәкілетті органның эмиссиялық бағалы қағаздардың айналысын тоқтата тұру туралы ескертпесін алған сәттен бастап жиырма төрт сағат ішінде уәкілетті органның шешімін қоса бере отырып тіркеушіге ескертпе жіберуге міндетті.

4. Тіркеуші уәкілетті органның эмиссиялық бағалы қағаздардың айналысын тоқтата тұру туралы ескертпесін алған сәттен бастап бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жүйесіндегі бағалы қағаздар бойынша меншік құқығының өтуі жөніндегі операциялар жүргізуді тоқтата тұруға міндетті. Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жүйесінде нақтылы ұстаушының есепшоты бар болса тіркеуші эмиссиялық бағалы қағаздардың айналысын тоқтата тұру туралы шешімді алған сәттен бастап жиырма төрт сағат ішінде нақтылы ұстаушыға қабылданған шешім туралы ескертуге міндетті.

5. Нақтылы ұстаушы тіркеушінің ескертпесін алған сәттен бастап жиырма төрт сағат ішінде өзінің клиентін бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жүйесіндегі жеке есепшот бойынша операциялардың тоқтата тұру туралы жазбаша ескертуге және клиенттің нақтылы ұстауды есепке алу жүйесіндегі есепшоты бойынша бағалы қағаздармен операциялар жүргізуді тоқтата тұруға міндетті.

6. Заң бұзушылықтар жойылғаннан кейін бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жүйесіндегі жеке есепшоттар және клиенттердің нақты ұстауды

есепке алу жүйесіндегі есепшоттары бойынша операцияларды қайта жүргізу эмитентке және ескертпені алған сәттен бастап жиырма төрт сағат ішінде оны нақтылы ұстаушыға жеткізуге міндетті болатын тіркеушіге жіберілген уәкілетті органның жазбаша ескертпесі негізінде жүзеге асырылады.

32-бап. Акциялар шығарылымын жою

1. Бағалы қағаздардың қайталама рыногында айналыстағы акциялар шығарылымын жою туралы шешімді уәкілетті орган акционерлік қоғам қайта ұйымдастырылған немесе таратылған жағдайда акционерлік қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының жарияланған акциялар шығарылымын жою туралы шешіміне байланысты қабылдайды.

2. Акциялар шығарылымын жою үшін уәкілетті органға ұсынылатын құжаттардың тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

3. Шығарылымына қатысты уәкілетті органның жою туралы шешімі шығарылған акциялармен азаматтық-құқықтық мәмілелер жасауға тыйым салынады.

4. Эмитент уәкілетті органның акциялар шығарылымын жою туралы ескертпесін алған сәттен бастап жеті күн ішінде бұл туралы ақпаратты баспасөз басылымында жариялауға міндетті.

5. Уәкілетті орган акциялар шығарылымын жою туралы шешімді эмитентке және бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жүйесіндегі есепшоттар бойынша барлық операцияларды шұғыл тоқтата тұруға және бұл туралы бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жүйесінде жеке есепшоттары бар нақтылы ұстаушыларды жою туралы ескертпе алған сәттен бастап хабардар етуге міндетті тіркеушіге жібереді.

Акциялар шығарылымын жоюға байланысты бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінің жүйесін жүргізуді тоқтату тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

33-бап. Бағалы қағаздар бойынша кіріс төлеу.

Төлем агенті

1. Бағалы қағаздардың қайталама рыногында эмиссиялық бағалы қағаздардың айналысы кезеңінде эмитент Қазақстан Республикасының заңдарында және эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымы проспектісінде белгіленген бағалы қағаздар бойынша кіріс төлеу тәртібін сақтауға міндетті.

2. Эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша кіріс (дивиденд, сыйақы) және облигацияларды өтеу кезінде олардың номиналды құны осы төлемақылар жүзеге асырылатын кезеңнен кейін соңғы күннің аяғындағы жағдай бойынша оларды алуға құқығы бар тұлғаларға төленеді. Бұл ретте аталған тұлғалардың аталған кірісті (номиналды құнды) алу кезінде бірдей құқықтары болады.

3. Комиссиялық бағалы қағаздар бойынша кіріс төлеуді эмитент өзі немесе төлем агентінің қызмет көрсетуін пайдалану арқылы жүзеге асырады.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі және Қазақстан Республикасының Ұлттық

Банкі немесе жергілікті атқарушы органдар шығарған мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша кіріс төлеуді жүзеге асыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

5. Эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша кіріс төлеуді жүзеге асыру үшін төлем агентінің қызмет көрсетуін пайдалану туралы шешім эмитенттің құрылтай жиналысында (акционерлердің/қатысушылардың жалпы жиналысында) қабылданады.

6. Төлем агентінің қызмет көрсетуін пайдалану туралы шешім қабылданған жағдайда эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының проспектісінде төлем агенті туралы мынадай мәліметтер болуы тиіс: 1) төлем агентінің толық атауы;

2) төлем агентінің және оның бағалы қағаздар бойынша кіріс (облигациялардың номиналды құнын) төлеуді жүзеге асыратын барлық филиалдарының орналасқан жері, деректемелері.

Төлем агенті өзгерген жағдайда эмитент эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының проспектісіне өзгерістер енгізуге және оларды осындай өзгерістер жасалған күннен бастап жеті күн ішінде тіркеу үшін уәкілетті органға ұсынуға міндетті.

7. Акциялар бойынша дивидендтер, облигациялар бойынша сыйақылар немесе өтеу кезінде олардың нақтылы құны төленбеген, сондай-ақ толық төленбеген жағдайда, эмитент бағалы қағаздарды ұстаушыларға негізгі міндеттеменің сомасын және ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін төлеу күні мерзімі асып кеткен әрбір күн үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ресми ставкасына сүйене отырып есептелген өсімпұлды төлеуге міндетті.

34-бап. Мемлекеттік емес облигацияларды өтеу қорытындылары туралы есеп

1. Эмитент мемлекеттік емес облигацияларды өтеу қорытындылары туралы есепті қарау және бекіту үшін облигациялар шығарылымның проспектісінде белгіленген өтеу мерзімі аяқталғаннан кейін бір ай ішінде уәкілетті органға ұсынуға міндетті.

Мемлекеттік емес облигацияларды өтеу қорытындылары туралы есепті қарау және бекіту үшін эмитент ұсынатын құжаттардың тізбесі, сондай-ақ оны бекіту тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

2. Мемлекеттік емес облигацияларды өтеу қорытындылары туралы есепті уәкілетті орган он төрт күн ішінде қарайды.

Егер құжаттарды қарау барысында облигациялар туралы шынайы емес немесе дәл емес мәліметтер ұсыну фактілері анықталса, уәкілетті орган мемлекеттік емес облигацияларды өтеу қорытындылары туралы есепті қараудан бас тартуға құқылы.

6-тарау. Қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарудың және айналысының шарттары

35-бап. Қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды шығару және айналысы

1. Қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды шығару және олардың Қазақстан Республикасының аумағындағы айналысы мынадай талаптар сақталған кезде болуы мүмкін:

1) бағалы қағаздар рыногында кастодиандық қызметті жүзеге асыруға лицензияларды иеленген екінші деңгейдегі банктер қазақстандық депозитарийлік қолхаттардың эмитенті болуы құқылы;

2) қазақстандық депозитарийлік қолхаттары эмитентінің акциялары Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын қор биржасының тізіміне енгізілуі тиіс;

3) Қазақстан Республикасының резидент емес эмитенттің немесе ол шығарған, қазақстандық депозитарийлік қолхаттары шығарылатын бағалы қағаздардың уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген рейтингтік бағасы болуы тиіс;

4) бағалы қағаздарына қазақстандық депозитарийлік қолхаттары шығарылған Қазақстан Республикасының резидент емес эмитенті уәкілетті орган оффшорлық аймақ тізбесіне енгізген аумақта тіркелген немесе Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы ақпарат алмасу жөніндегі міндеттеме қабылдамаған оффшорлық аумақтар тізбесіне жатқызған заңды тұлға не осындай заңды тұлғаның еншілес ұйымы болып табылмауы тиіс.

5) Қазақстан Республикасының резиденті емес эмитентінің бағалы қағаздарына қазақстандық депозитарийлік қолхаттары шығарылатын эмитенттің бағалы қағаздарын депозитке салуды Қазақстан Республикасының резиденті депозитарий жүзеге асыруы тиіс;

6) қазақстан депозитарийлік қолхаттары шығару көлемі Қазақстан Республикасының резиденті емес эмитенттің депозитке салынған бағалы қағаздарының көлеміне сәйкес келуі тиіс.

2. Қазақстандық депозитарийлік қолхаттар құжатсыздандырылған нысанда шығарылады және оларды орналастыру және айналысы қор биржасының сауда жүйесінде жүзеге асырылады.

Қазақстандық депозитарийлік қолхаттар бойынша құқықтарды есепке алуды және растауды Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында депозитарлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйым жүзеге асырады.

3. Қазақстандық депозитарийлік қолхаттар Қазақстан Республикасының резидент емес эмитентінің депозитке салынған бағалы қағаздарын алу құқығын қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды ұстаушының алғашқы талап етуі бойынша куәландырады.

36-бап. Қазақстандық депозитарийлік қолхаттардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу

1. Уәкілеттік орган:

- 1) эмитенттің санын және орналастыру бағасын, Қазақстан Республикасының резидент емес эмитентінің бағалы қағаздарының түрлерін көрсете отырып қазақстандық депозитарийлік қолхаттардың шығарылымын тіркеу туралы өтініші;
- 2) эмитенттің қазақстандық депозитарийлік қолхаттардың шығару туралы шешімі;
- 3) Қазақстан Республикасының резидент емес эмитенті шығарған бағалы қағаздардың тіркелгендігін куәландыратын және олардың шығару, айналысы, өтеу шарттарын ашатын құжаттардың көшірмелері;
- 4) Қазақстан Республикасының резидент емес эмитентінің бағалы қағаздары проспектісінің (оның орнына жүретін құжаттың) олардың шығарылымы тіркелген елдің бағалы қағаздар рыногында қалыптасқан қатынастарды мемлекеттік реттеуді және бақылауды жүзеге асыратын органның келісуі (бекітуі) туралы белгісі қойылған көшірмесі;
- 5) Қазақстан Республикасының резидент емес эмитентінің қаржылық есептің халықаралық стандарттарына сәйкес жасаған соңғы үш қаржы жылындағы қаржылық есебінің көшірмесі;
- 6) Қазақстан Республикасының резидент емес эмитентінің аяқталған соңғы үш жылдағы қаржылық есебінің шынайылығы расталатын аудиторлық есептің көшірмесі;
- 7) Қазақстан Республикасының резидент емес эмитентті ол орналасқан елде заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелгені расталатын құжаттар;
- 8) Қазақстан Республикасының резидент емес эмитентінің бағалы қағаздарын олар шығарылған елде депозитарлық қызметті жүзеге асыратын ұйымның депозитке салуы, олардың қазақстандық депозитарийлік қолхаттар айналысының барлық кезеңіне оқшауланғаны растайтын құжат;
- 9) қазақстандық депозитарийлік қолхаттары шығарылатын бағалы қағаздардың ұйымдасқан бағалы қағаздар рыногында бағасын кесу расталатын құжат;
- 10) Қазақстан Республикасының резидент емес эмитенті тіркелген елдің немесе олар шығарған бағалы қағаздар тіркелген елдің бағалы қағаздар рыногында қалыптасқан қатынастарды мемлекеттік реттеуді және бақылауды жүзеге асыратын органның оларды жіберу және олардың туынды бағалы қағаздарын шетелдік қор рыноктарына жіберу бойынша қандай да болмасын шектеулердің жоқ екені жөніндегі ресми құжат.
- 11) қазақстандық депозитарийлік қолхаттарының эмитенті және Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында депозитарлық қызметті жүзеге асыруға құқығы бар ұйым арасында жасалған қазақстандық депозитарийлік қолхаттары бойынша құқықтарды есепке алу және растау шартының көшірмесі;
- 12) қор биржасының қазақстандық депозитарийлік қолхаттарын оның сауда жүйесіне айналысқа жіберілген бағалы қағаздардың тізіміне енгізу туралы қорытындысы;

13) қазақстандық депозитарийлік қолхаттарының шығарылымын (осындай бар болған кезде) орналастыру туралы андеррайтермен (эмиссиялық синдикатпен) ж а с а л ғ а н ш а р т т ы ң к ө ш і р м е с і ;

14) қазақстандық депозитарийлік қолхаттарының шығарылымы проспектісінің екі данасы болған кезде қазақстандық депозитарийлік қолхаттарының шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады. Қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды шығару проспектісінің мазмұнына және қазақстандық депозитарийлік қолхаттарының шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін ұсынылған құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

2. Уәкілетті орган қазақстандық депозитарийлік қолхаттардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін ұсынылған құжаттарды олар ұсынылған күннен бастап отыз к ү н і ш і н д е қ а р а й д ы .

Осы баптың 1-тармағында көрсетілген құжаттардың пакеті толық ұсынылмаған жағдайда құжаттар қарауға қабылданбайды.

3 . У ә к і л е т т і о р г а н :

1) шығарылымды мемлекеттік тіркеу үшін ұсынылған құжаттардағы мәліметтер Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес келмеген;

2) Қазақстан Республикасының резидент емес эмитентінің бағалы қағаздары және қазақстандық депозитарийлік қолхаттардың шығарылымы туралы толық емес немесе дәл емес мәліметтер ұсынылған жағдайда;

3) қазақстандық депозитарийлік қолхаттардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу барысында инвесторлардың мүліктік мүдделеріне әсер ететін факторлар туындағанда қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды мемлекеттік тіркеуден бас тартуға құқылы.

4. Қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес келген кезде уәкілетті орган Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне қазақстандық депозитарийлік қолхаттардың шығарылымы туралы мәлімет енгізеді және эмитентке қазақстандық депозитарийлік қолхаттардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті және қазақстандық депозитарийлік қолхаттардың шығарылымы проспектісінің бір данасын береді.

37-бап. Қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды орналастыру тәртібі

1. Қазақстандық депозитарийлік қолхаттардың эмитенті күнтізбелік жеті күн ішінде шығарылым шарттарында белгіленген баспасөз басылымында:

1) өзінің заңды мәртебесін, кастодиандық қызметті жүзеге асыруға лицензиясын, сондай-ақ инвесторлар қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды сатып алатын о р ы н д ы н е м е с е о р ы н д а р д ы ;

2) бағалы қағаздарына қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылған Қазақстан Республикасының резидент емес эмитентінің толық атауын, орналасқан

жерін және қызметінің түрлерін;

3) қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды орналастыру бағасы және шығарылымның көлемі, сондай-ақ уәкілетті органның шығарылымды мемлекеттік тіркеген күнін көрсетіп, шығарылымның құрылымын көрсете отырып, қазақстандық депозитарийлік қолхаттардың шығарылымын орналастыру туралы хабар жариялауға м і н д е т т і .

2. Қазақстандық депозитарийлік қолхаттар мемлекеттік тіркелгенге дейін оның шығарылымы туралы мәліметтерді жариялауға тыйым салынады.

38-бап. Қазақстандық депозитарийлік қолхаттар эмитентінің міндеттері

1. Қазақстандық депозитарийлік қолхаттардың эмитенті:

1) инвесторларға бағалы қағаздарына қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылған Қазақстан Республикасының резидент емес эмитентінің қаржылық жағдайы, оның капиталы және менеджменті туралы ақпарат ұсынуға;

2) бағалы қағаздарына қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылған Қазақстан Республикасының резидент емес эмитенті акционерлерінің жалпы жиналыстарында қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды ұстаушылардың мүддесін б і л д і р у г е ;

3) уәкілетті органға тоқсан сайын бағалы қағаздарына қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылған Қазақстан Республикасының резидент емес эмитентінің қаржылық жағдайы туралы мәлімет ұсынуға;

4) Қазақстан Республикасының аумағында қазақстандық депозитарийлік қолхаттарға қатысты хабарды, сондай-ақ қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды ұстаушылардың мүліктік мүдделерін қозғайтын кез келген өзге де ақпаратты таратуға;

5) бағалы қағаздарына қазақстандық депозитарийлік қолхаттар шығарылған, депозитке салынған бағалы қағаздарының санына қатысы бойынша қазақстандық депозитарийлік қолхаттардың орналастырылған көлемін бақылауды жүзеге асыруға;

6) жедел және анық ақпарат алуды қамтамасыз ететін терминалдар болуы міндетті.

39-бап. Қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есеп

1. Қазақстандық депозитарийлік қолхаттардың эмитенті орналастыру мерзімі аяқталғаннан кейін бір ай ішінде уәкілетті органға қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды орналастыру және өтеу қорытындылары туралы мәлімет беруге міндетті. Қазақстандық депозитарийлік қолхаттардың тіркелген көлемі толық орналастырылмаған жағдайда эмитент уәкілетті органға әрбір айдың аяқталуы бойынша орналастыру нәтижесі туралы мәліметтер бере отырып оларды одан әрі орналастыруды жүзеге асыруға құқылы.

2. Қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есепті ұсыну тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

7-тарау. Опциондардың, фьючерстердің, своптардың және өзге де қаржы құралдарының айналысы

40-бап. Опциондармен, фьючерстермен, своптармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасау шарттары

1. Базистік активтері эмиссиялық бағалы қағаздар болып табылатын опциондармен, фьючерстермен, своптармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымы мемлекеттік тіркелген кезде ғана жасауға болады.

2. Қатысушылары бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары болып табылатын опциондармен, фьючерстермен, своптармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер қор биржасында ғана жасалады.

3. Опциондармен, фьючерстермен, своптармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасау және орындау тәртібі қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленеді.

41-бап. Эмитенттің опциондары

1. Акционерлік қоғам өзі шығарған акцияларды немесе жай акцияларға айырбасталған облигацияларды сатып алуға арналған опциондарды инвесторларға с а т у ғ а қ ұ қ ы л ы .

2. Опционда инвестор сатып алуға құқылы болатын бағалы қағаздардың түрі және саны, бағалы қағаздарды сатып алу бағасы, сатып алу мерзімі және тәртібі және опционның басқа шарттары көзделуі тиіс.

3. Опциондарды жасау және оларды сату тәртібі акционерлік қоғамның жарғысында б е л г і л е н у і т и і с .

4. Акционерлік қоғамның акционері опциондарды артықшылықпен сатып алу қ ұ қ ы ғ ы н и е л е н е д і .

Акционер опциондарды артықшылықпен сатып алу құқығын басқа тұлғаларға беруге құқылы емес.

8-тарау. Эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқықтарды тіркеу

42-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу

1. Эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқықтардың туындауы, басқаға көшуі (берілуі), өзгеруі және тоқтатылуы, бағалы қағаз бойынша құқықтардың орын алған кез келген өзгерісі тіркелуге жатады.

Егер азаматтық-құқықтық мәміленің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша

құқықтары осы мәміленің күшіне байланысты өзгертін, тоқтатылатын, мәміле бойынша басқа тарапқа өтетін немесе мәміле тарабының пайдасына жүктелетін тарабы осы мәмілені тіркеуден жалтарса, басқа тарап бағалы қағаз бойынша өзінің құқықтарын еріксіз тіркеу туралы сотқа талап арызбен өтініш жасауға құқылы.

2. Эмиссиялық бағалы қағаздар мен жасалған мәмілелерді тіркеу бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жүйесіндегі және бағалы қағаздарды нақтылы ұстауды есепке алу жүйесіндегі жеке есепшоттар бойынша жазбалар енгізу арқылы ж а с а л а д ы .

Егер мәмілелердің қатысушылары бір нақтылы ұстаушының клиенттері болып табылса, мәміле бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жүйесінде және бағалы қағаздарды нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде тіркелген сәттен бастап эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқықтар туындайды.

Егер мәміленің қатысушылары әртүрлі нақтылы ұстаушының клиенттері болған жағдайда, мәміле нақтылы ұстаушылардың жеке есепшоттары бойынша депозитарииге тіркелген және нақтылы ұстаушы бағалы қағаздарды клиенттің бағалы қағаздарды нақтылы ұстаушы жүйесіндегі жеке есепшотына есепке алған сәттен бастап эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша меншік құқықтары туындайды.

3. Ұйымдаспаған бағалы қағаздар рыногында бағалы қағаздармен мәмілелер жасау кезінде тіркеуші (нақтылы ұстаушы) мәмілені тіркеуді эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқықтары осы мәміле күшінде өзгертін, тоқтатылатын, мәміле бойынша басқа тұлғаға өтетін немесе мәміле тарабының пайдасына жүктелетін тұлғалардың қарсы бұйрықтары негізінде жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқықтарды тіркеу ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

5. Егер осы мәмілені тіркеу үшін ұсынылған құжаттар осы Заңның талаптарына, Қазақстан Республикасының өзге де заң актілеріне және олардың ішкі құжаттарына сәйкес келмесе, тіркеуші (нақтылы ұстаушы) эмиссиялық бағалы қағаздармен жасалған мәмілені тіркеуден бас тартуға құқылы.

6. Эмиссиялық бағалы қағаздармен ұйымдасқан бағалы қағаздар рыногында жасалған мәмілелерді тіркеу тәртібі депозитарийдің және сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында белгіленеді.

7. Ұйымдаспаған бағалы қағаздар рыногында бір жақты мәміле жасалған жағдайда мәмілені тіркеу құқық иеленушінің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқығын растайтын құжаттар қоса беріле отырып оның бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

8. Сот шешімі (ұйғарымы) болған кезде эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқықтардың өзгерісін, тоқтатылуын немесе жүктелуін тіркеуді тіркеуші (нақтылы ұстаушы) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырады.

9. Осы Заңда немесе Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген негіздер жоқ болған кезде тіркеуші (нақтылы ұстаушы) эмиссиялық бағалы қағаздарды

ұстаушылардың жеке есепшоттары бойынша жазбаларды өз бетінше енгізуге құқылы е м е с .

10. Жеке есепшоттар бойынша тіркеушінің және нақтылы ұстаушының жазбалар жасауы үшін негіз болып табылатын құжаттар бес жыл бойы сақталуға жатады.

11. Жеке есепшоттар бойынша тіркеуші (нақтылы ұстаушы) жасаған жазбаны сот тәртібімен ғана даулауға болады.

43-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқықтар кепілін тіркеу

1. Тіркеуші (нақтылы ұстаушы) эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқықтар кепілін тіркеуді кепіл берушінің және кепіл ұстаушының кепілге берілген эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша аталған құқықтармен жасалған осы мәмілені тіркеуге арналған барлық қажетті мәліметтер бар бұйрығы негізінде жүзеге асырады.

2. Эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқықтар кепілін тіркеу құқықтары кепілге берілген, кепіл ұстаушының пайдасына кепіл берушінің шотындағы бағалы қағаздарға жүктеу арқылы кепіл ұстаушыға жеке шот ашу (осындай болмаған жағдайда) оның пайдасына бағалы қағаздарды жүктеу туралы жазба жасау арқылы жүзеге асырылады. Кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеменің тоқтатылуына байланысты эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқықтарды кепілге беру тоқтатылған жағдайда бағалы қағаздарға жүктеуді алып тастауды тіркеуші (нақтылы ұстаушы) мәмілеге қатысушылардың қарсы бұйрықтары негізінде жүзеге асырады.

3. Кепіл беруші кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған жағдайда мәмілені тіркеу Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес кепілге берілген затты өндіріп алу айналысы арқылы кепілді тоқтатуды растайтын құжаттар негізінде жүзеге асырылады.

44-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқықтарды растау

1. Эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқықтарды растау бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жүйесіндегі немесе бағалы қағаздарды нақтылы ұстауды есепке алу жүйесіндегі бағалы қағаздарды ұстаушының жеке есепшотынан үзінді-көшірме ұсыну арқылы жүзеге асырылады.

Үзінді-көшірмені ресімдеу және беру тәртібі уәкілетті органның нормативтік актісінде және тіркеушінің (нақтылы ұстаушының) ішкі құжаттарында белгіленеді.

2. Мүдделі тұлғаларға бағалы қағаздарды ұстаушының жеке есепшотынан үзінді-көшірме беру тәртібі осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде белгіленеді.

45-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздармен жасалған мәмілені тіркеу туралы бұйрық

1. Эмиссиялық бағалы қағаздармен жасалған мәмілені тіркеу туралы бұйрық жазбаша түрде жасалуы, бағалы қағаз ұстаушы немесе оның өкілі қол қоюы және

бұйрықтың алынғандығын міндетті түрде растай отырып тіркеушіге (нақтылы ұстаушыға) жеке өзіне, қолма-қол тапсыру почта байланысы, факсимилді немесе электрондық почта арқылы берілуі тиіс.

2. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда эмиссиялық бағалы қағаздармен жасалған мәмілені тіркеу туралы бұйрық Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген ақпаратты техникалық қорғаудың нормаларын сақтай отырып электрондық байланыс құралы арқылы берілуі мүмкін.

3. Эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқықтарды тіркеу туралы бұйрықтың мазмұны, сондай-ақ оны тіркеушінің (нақтылы ұстаушының) тіркеу шарттары мен тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және тіркеушінің (нақтылы ұстаушының) ішкі құжаттарында белгіленеді.

4. Бұйрық орындауға қабылданған кезде тіркеуші (нақтылы ұстаушы) бұйрық беруші тұлғаның осы бұйрыққа қол қоюға өкілеттігін, сондай-ақ бұйрық нысанының белгіленген талаптарға сәйкес болуын тексеруге міндетті.

Бұйрықты орындау кезінде тіркеуші (нақтылы ұстаушы):

- 1) орындауға қабылданған бұйрықты тіркеуге;
- 2) бұйрықта көрсетілген іс-қимылдарды жасау мүмкіндігін тексеруге;
- 3) тексерудің оң нәтижесі болғанда бұйрықта көрсетілген іс-қимылдарды жасауға;
- 4) бұйрықтың орындалғаны немесе бұйрықты орындаудан бас тарту туралы есеп беруге міндетті.

5. Бұйрықтың орындалғаны туралы есепте тіркеушінің (нақтылы ұстаушының) бұйрықты орындау нәтижесі туралы ақпарат болуы тиіс. Бұйрықты орындаудан бас тартуда орындауға қабылданған бұйрыққа сәйкес мәмілені тіркеу мүмкіндігі болмауының себебі болуы тиіс.

6. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында немесе тіркеушімен (нақтылы ұстаушымен) жасалған шартта бұйрықты орындаудың өзге де мерзімі көзделмесе, тіркеуші (нақтылы ұстаушы) үш күннен аспайтын мерзімде бұйрықтың орындалуын жүзеге асырады. Тіркеуші (нақтылы ұстаушы) қарсы бұйрықтар негізінде олар алынған күні мәмілені тіркеуді жүргізуге міндетті.

46-бап. Бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеуді жүзеге асыру кезіндегі тыйым салу

1. Тіркеушіге (нақтылы ұстаушыға):

1) бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес келмейтін тіркеуді жүзеге асыруға;

2) бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді оларды тіркеуге арналған бұйрықты тиісті түрде ресімдемей оны тіркеуді жүзеге асыруға;

3) егер тіркеу нәтижесінде бағалы қағаздардың уәкілетті орган тіркеген саны артып кетсе, бағалы қағаздарды орналастыру барысында олармен жасалған мәмілені тіркеуді жүзеге асыруға тыйым салынады.

2. Осы баптың 1-тармағын бұза отырып жасалған мәміле кез келген мүдделі тұлғаның талабы бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жарамсыз болып саналады.

47-бап. Бағалы қағаздарды ұстаушылардың жеке есепшоттары бойынша операцияларды тоқтата тұру.

Эмиссиялық бағалы қағаздарды тәркілеу

1. Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жүйесіндегі немесе бағалы қағаздарды нақтылы ұстауды есепке алу жүйесіндегі бағалы қағаздарды ұстаушылардың есепшоттары бойынша операцияларды тоқтата тұру уәкілетті органның қаулысы, соттың шешімі (ұйғарымы), жауап алу және алдын ала тергеу органының прокурор санкциялаған қаулысы немесе прокурордың қаулысы негізінде жүргізіледі.

2. Эмиссиялық бағалы қағаздарды тәркілеу соттың заңды күшіне енгізілген шешімі (үкімі) негізінде ғана жүргізілуі мүмкін.

9-тарау. Бағалы қағаздар рыногындағы коммерциялық және қызметтік құпия

48-бап. Бағалы қағаздар рыногындағы коммерциялық құпия

1. Бағалы қағаздар рыногындағы коммерциялық құпияға:

1) бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жүйесіндегі және бағалы қағаздарды нақтылы ұстауды есепке алу жүйесіндегі жеке есепшоттарда эмиссиялық бағалы қағаздардың бар екендігі туралы мәлімет;

2) жоғарыда аталған жеке есепшоттардағы эмиссиялық бағалы қағаздардың қалдығы және қозғалысы туралы мәлімет;

3) бағалы қағаздардың ұстаушысы туралы мәлімет кіреді.

49-бап. Бағалы қағаздар рыногындағы қызметтік құпия

1. Бағалы қағаздар рыногындағы қызметтік құпияға бағалы қағаздар рыногының субъектілері туралы, шектелмеген тұлғалар тобы үшін бірдей жағдайларда жалпы рұқсат етілген болып табылмайтын мәліметтер кіреді.

2. Өзінің қызметтік жағдайы немесе туыстық қатысы жағынан еңбек міндеттері немесе бағалы қағаздар рыногының субъектісімен немесе оның аффилиирленген тұлғасымен жасалған шарт (оның ішінде ауызша) күшінде бағалы қағаздар рыногындағы қызметтік құпияны құрайтын ақпараты бар тұлға болып табылады, мыналардың аталған ақпаратты пайдалануға мүмкіндігі бар:

1) бағалы қағаздар рыногы субъектісінің басшы қызметкері;

2) бағалы қағаздар рыногы субъектісінің аталған ақпаратты алуға рұқсаты бар кез келген қызметкері;

3) бағалы қағаздар рыногының субъектісіне қызмет көрсететін аудитор, бағалаушы және басқа тұлғалар;

4) бағалы қағаздар рыногының субъектісі сауда-саттықты ұйымдастырушысының мүшесі немесе бағалы қағаздары осы сауда-саттықты ұйымдастырушының тізіміне енгізілген эмитент ретінде өзінің қызметі туралы ақпарат беретін осы сауда-саттықты ұйымдастырушының қызметкері;

5) эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын дайындауға, сондай-ақ оларды орналастыруға қатысатын ұйымның қызметкері;

6) клиенттің тапсырмасы бойынша бағалы қағаздармен мәміле жасауды жүзеге асыратын лицензиаттың қызметкері;

7) өзіне берілген өкілеттік күшінде аталған ақпаратты алуға рұқсаты бар мемлекеттік орган қызметкері.

50-бап. Бағалы қағаздар рыногындағы коммерциялық және қызметтік құпияны жария ету

1. Осы баптың 2 және 3-тармақтарымен белгіленген жағдайларды қоспағанда, бағалы қағаздар рыногындағы коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын мәлімет жария етуге жатпайды.

2. Бағалы қағаздар рыногындағы коммерциялық құпияны құрайтын мәлімет эмитентке және эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқықтарға қатысты бағалы қағаздарды ұстаушыға не Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ресімделген сенімхат негізінде оның өкіліне берілуі мүмкін.

3. Бағалы қағаздар рыногындағы коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын мәліметтер:

1) қылмыстық істерді жүргізу бойынша жауап алу және алдын ала тергеу органдарына;

2) соттарға, олардағы істерді жүргізу бойынша;

3) атқару өндірісінің процесінде сот атқарушысына;

4) прокуратура органдарына;

5) эмитенттің немесе лицензиаттың қызметін тексеру және бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің өтініштерін қарау процесінде оның сұратуы бойынша уәкілетті органға;

6) мұрагерлік істерді жүргізу бойынша нотариат кеңселеріне;

7) мұрагерлік істерді жүргізу бойынша шетелдік консулдық мекемелерге;

8) эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша кіріске салық салу мәселелері жөніндегі салық қызметі органдарына ұсынылуы тиіс.

4. Бағалы қағаздар рыногындағы коммерциялық және қызметтік құпия бар мәліметтерді осы баптың 3-тармағында көрсетілген органдарға беру тәртібі осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде белгіленеді.

51-бап. Бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларына қойылатын талаптар

1. Бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы эмиссиялық бағалы қағаздармен мәмілелер жасау кезінде өзінің клиенттеріне қызмет көрсету барысында бағалы қағаздар рыногындағы коммерциялық және қызметтік құпия бар мәліметтерді пайдаланудың алдын алуға мүмкіндік жасайтын шарттардың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

2. Бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы эмиссиялық бағалы қағаздармен мәмілелерді бағалы қағаздар рыногындағы коммерциялық және қызметтік құпия бар мәліметтерді пайдаланбай рыноктық бағалар бойынша жасауға және табиғи баға құруды бұзуға және бағалы қағаздар рыногының тұрақсыздануына әкеп соғатын әрекеттерге жол бермеуге міндетті.

3. Бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушысының ішкі құжаттарында бағалы қағаздар рыногындағы коммерциялық және қызметтік құпия бар мәліметтердің сақталуын қамтамасыз ететін және оларды кәсіби қатысушының, оның қызметкерлерінің және үшінші тұлғалардың өз мүддесінде пайдалануға жол бермейтін шарттар болуы тиіс.

10-тарау. Бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыру тәртібі

52-бап. Бағалы қағаздар рыногының инфрақұрылымы

1. Бағалы қағаздар рыногында уәкілетті органның лицензиялауына жататын мынадай қызмет түрлері жүзеге асырылады:

- 1) брокерлік - дилерлік;
- 2) бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінің жүйесін жүргізу;
- 3) инвестициялық портфельді басқару;
- 4) зейнетақы активтерін инвестициялық басқару;
- 5) кастодиандық;
- 6) бағалы қағаздармен жасалған операциялар бойынша клирингтік;
- 7) трансфер - агенттік;
- 8) депозитарийлік;
- 9) бағалы қағаздармен сауда ұйымдастыру;
- 10) өзін-өзі реттейтін ұйымдардың қызметі.

Осы тармақтың 1)-8) тармақшаларында көрсетілген қызмет бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызмет түрлері болып табылады.

2. Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметті жүзеге асыратын ұйымдар өзінің қызметін үйлестіру мақсатында тек бір ғана өзін-өзі реттейтін ұйым құруға құқылы.

Бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушысының өзін-өзі реттейтін ұйымның қызметіне қатысуы міндетті болып табылады.

3. Бағалы қағаздар рыногындағы лицензиялауға жататын қызметті жүзеге асыру тәртібі осы Заңда, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде, өзін-өзі

реттейтін ұйымдардың және лицензиаттардың ішкі құжаттарында белгіленеді.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару және бағалы қағаздармен сауда ұйымдастыру жөніндегі қызмет бағалы қағаздар рыногындағы лицензиялауға жататын қызметпен қоса атқарылмайды. Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметтің түрлерін қоса атқару тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

4. Лицензиат клиенттердің ақшасын және бағалы қағаздарын өз активтерінен бөлек есепке алады және олар банкрот болған немесе ерікті түрде таратылған жағдайда тарату массасына енгізілмейді.

5. Бағалы қағаздар рыногында көрсеткен қызметі үшін лицензиатқа клиенттің сыйақы төлеу тәртібі лицензиаттың ішкі құжаттарында белгіленеді.

53-бап. Өтініш берушінің ұйымдық-құқықтық нысанына және оның атауына қойылатын талаптар

1. Акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған ұйым бағалы қағаздар рыногында қызметті жүзеге асыруға құқылы.

Бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары ұйымының өзін-өзі реттеу қызметін қауымдастықтың (одақтың) ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған ұйым жүзеге асыруға құқылы.

2. Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында қызметті жүзеге асыратын бұрын құрылған ұйымдардың атауымен ұқсас белгілерді өз атауларына пайдалануға рұқсат етілмейді.

54-бап. Өтініш беруші мен лицензиаттың жарғылық капиталын қалыптастыру

1. Өтініш беруші мен лицензиаттың жарғылық капиталын қалыптастыру Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы ақшамен ғана жүзеге асырылады.

Заңды тұлға брокер-дилер қызметін, инвестициялық басқару жөніндегі қызметті және зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға ниет білдірген (жүзеге асырған) өтініш берушінің (лицензиаттың) акцияларын акцияға ақы төлеу және (немесе) басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлесі ретінде салынған активтер сомасын шегере отырып, меншік капиталы шегінде ғана төлеуге құқылы.

Жеке және заңды тұлғалардың қарызға, кепілге алынған қаражатты немесе өзге де тартылған қаражатты акцияларға төлем жасау үшін пайдалануына тыйым салынады.

2. Лицензиат уәкілетті мемлекеттік органның келісімімен ғана акцияларға бақылау жасау құқығы бар акционерлерден акциялар сатып алуға, мәміле жасау кезінде лицензиаттың уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген пруденциалдық нормативтерді және қаржы тұрақтылығының өзге де көрсеткіштерін немесе критерийлерін (нормативтерін) сақтау жөніндегі талаптары бұзылмайтын жағдайда құқылы.

55-бап. Өтініш берушінің (лицензиаттың) құрылтайшылары мен акционерлері

1. Заңды және жеке тұлғалар - Қазақстан Республикасының резиденттері мен резидент еместер осы баптың 2-тармағында және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген шектеулерді ескере отырып, өтініш берушінің (лицензиаттың) құрылтайшылары мен акционерлері бола алады.

2. Оффшорлық аймақта тіркелген заңды тұлға немесе тізбесін уәкілетті орган белгілейтін оффшорлық аймақта тіркелген заңды тұлғалардың құрылтайшылары (қатысушылары, акционерлері) болып табылатын заңды тұлғалар өтініш берушінің (лицензиаттың) құрылтайшылары мен акционерлері бола алмайды.

Заңды тұлғалар - Қазақстан Республикасының резиденті еместер уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес рейтинг агенттіктерінің біреуінің ең аз талап етілетін рейтингі болған жағдайда зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асырғысы келетін (жүзеге асырған) өтініш берушінің (лицензиаттың) акцияларының бес және одан астам проценттеріне ие бола алады.

56-бап. Өтініш берушіге қойылатын біліктілік талаптар

1. Уәкілетті орган лицензия алу үшін табыс етілген құжаттарды қарау кезінде өтініш берушінің мынадай біліктілік талаптарды:

1) өтініш берушінің штатында уәкілетті орган берген бағалы қағаздар рыногында жұмысты жүзеге асыру құқығына тиісті санаттағы қолданылып жүрген біліктілік куәліктерінің бар мамандардың болуын;

2) өтініш берушінің бағалы қағаздар рыногындағы оның қызметіне жетекшілік ететін басшы қызметкерлерінің, құрылымдық бөлімшелер, филиалдар мен өкілдіктер басшыларының тиісті санаттағы қолданылып жүрген біліктілік куәліктері болуын;

3) өтініш берушінің бағалы қағаздар рыногында қызметтің белгілі бір түрін жүзеге асыру үшін қажетті техникалық жарактандыруға талаптар белгілейтін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес бағалы қағаздар рыногында қызметтің белгілі бір түрін жүзеге асыру үшін қажетті техникалық жабдықтың болуын;

4) өтініш берушінің уәкілетті органмен келісілген, бағалы қағаздар рыногында қызметті жүзеге асыру тәртібін белгілейтін ішкі құжаттарының бағалы қағаздар рыногында қызметтің белгілі түрін жүзеге асыру тәртібін белгілейтін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің және бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қатысушылардың қызметтің тиісті түрін жүзеге асыратын өзін-өзі реттейтін ұйымның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес болуын;

5) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген пруденциалдық нормативтерді және қаржы тұрақтылығының өзге де көрсеткіштерін және критерийлерін (нормативтерін) сақтауын; б) дербес бөлімшелердің ұйымдық құрылымында осы Заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде

белгіленген тиісті талаптардың болуын сақтауды тексеруге міндетті.

2. Лицензиаттың ішкі құжаттары уәкілетті орган белгіленген тәртіппен онымен келісілуге тиіс.

3. Бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандарды оқыту оларды аттестациядан өткізу және біліктілік куәліктерін беру, сондай-ақ біліктілік куәліктерінің қолданылуын тоқтату немесе қайтарып алу, сондай-ақ лицензиаттың мамандары Қазақстан Республикасының заң талаптарын және лицензиаттың ішкі құжаттарын бұзған жағдайда оларға өзге де санкциялар қолдану тәртібі уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актілерінде белгіленеді.

57-бап. Өтініш берушінің (лицензиаттың) сақтауға міндетті пруденциалдық нормативтері, қаржы тұрақтылығының өзге де көрсеткіштері мен критерийлері (нормативтері)

1. Өтініш беруші (лицензиат) бағалы қағаздар рыногында қызметтің белгілі түріне қатысты уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген пруденциалдық нормативтерді және қаржы тұрақтылығының өзге де көрсеткіштері мен критерийлерін (нормативтерін) сақтауға тиіс.

2. Лицензиат уәкілетті органға пруденциалдық нормативтердің есептерін, қаржы тұрақтылығының өзге де көрсеткіштері мен критерийлерін (нормативтерін) уәкілетті органда белгіленген тәртіппен және мерзімде табыс етуге тиіс.

3. Өтініш беруші (лицензиат) сақтауға тиісті пруденциалдық нормативтердің, қаржы тұрақтылығының өзге де көрсеткіштері мен критерийлерінің (нормативтерінің) түрлері, есеп айырысу тәртібі және шектеулі мәні бағалы қағаздар рыногындағы қызметтің әр түріне қатысты уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

58-бап. Бағалы қағаздар рыногындағы қызметті лицензиялау

1. Бағалы қағаздар рыногында қызметті жүзеге асыру үшін лицензиялар беру тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

2. Уәкілетті орган лицензия алу үшін табыс етілген құжаттарды отыз күн ішінде қарайды. Құжаттар Қазақстан Республикасының заң талаптарына сәйкес болған жағдайда уәкілетті орган лицензия береді.

3. Уәкілетті орган, егер:

1) өтініш беруші Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бағалы қағаздар рыногында қызметті жүзеге асыруға құқығы болмаса;

2) лицензия алу үшін табыс етілген құжаттар Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес болмаса;

3) лицензия берілгені үшін лицензиялық алым төленбесе;

4) өтініш беруші осы Заңда белгіленген біліктілік талаптарына сай келмесе;

5) өтініш берушіге қатысты оның бағалы қағаздар рыногындағы қызметпен

шұғылдануына тыйым салынған соттың шешімі болса, лицензия беруден бас тартуға қ ұ қ ы л ы .

4. Егер лицензия алу үшін табыс етілген құжаттарды қарау барысында осы құжаттарда өтініш беруші, оның құрылтайшылары немесе олардың қызметі туралы толық емес немесе жалған мәліметтер анықталған болса, уәкілетті орган оларды қарау мерзімін тоқтата тұруға құқылы. Өтініш беруші ескертулерді жойғаннан кейін және құжаттарды тапсырғаннан кейін олардың қарау мерзімі жаңартылады. Уәкілетті орган құжаттардың кейінгі қарау мерзімін отыз күнтізбелік күннен асырмауға тиіс.

59-бап. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру.

Лицензияны қайтарып алу және қолданылуын тоқтату

1. Уәкілетті орган:

- 1) лицензия алу немесе лицензиаттың қызметі туралы есепті қарау үшін табыс етілген құжаттарда жалған ақпарат анықталған;
- 2) лицензия алу үшін табыс етілген құжаттардағы өзгерістер туралы ақпарат берілмеген;
- 3) осы Заңда белгіленген лицензиялық талаптар сақталмаған;
- 4) бағалы қағаздармен операциялар жүргізу тәртібін белгілейтін ережелер орындалмаған немесе бұзылған;
- 5) өз қызметі туралы есеп беру тәртібін сақтамаған;
- 6) лицензиаттың өзін-өзі реттейтін ұйымға мүшелігін тоқтата тұрған; лицензиаттың өзін өзі реттейтін ұйымға кірген немесе шыққан;
- 7) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногындағы қызметті реттейтін заңдарын бұзған;
- 8) уәкілетті органның нұсқауын орындамаған;
- 9) лицензияның қолданылуын ерікті түрде тоқтата тұру туралы жазбаша өтініш болған;
- 10) лицензиат қызметкерлерінің біліктілік куәліктерінің қолданылуын тоқтата тұру немесе қайтарып алу салдарынан оның қызметі лицензиялық талаптарға сәйкес болмаған;
- 11) мемлекеттік органдарға бағалы қағаздар рыногындағы қызмет туралы мәліметтер беру туралы Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын орындамаған жағдайларда лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға құқылы.

2. Уәкілетті органнан лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы жазбаша хабарлама алғаннан кейін бағалы қағаздар рыногында қызметтің лицензияланатын түрін жүзеге асыру заңсыз болып табылады және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.

3. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру себептері жойылған жағдайда, уәкілетті орган лицензияның қолданылуын жаңарту туралы шешім қабылдайды және бұл туралы лицензиатқа жазбаша хабарлайды.

4. Уәкілетті орган лицензияның қолданылуын тоқтата тұру себептері жойылмаған жағдайда және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де негіздер бойынша лицензияны қайтарып алуға құқылы. Уәкілетті орган соттың ұйымға бағалы қағаздар рыногында қызметті жүзеге асыруға тыйым салу туралы заңды күшіне енген шешімі болған кезде лицензияны қайтарып алуға міндетті.

5. Лицензияның қолданылуы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздемелер бойынша тоқтатылады.

6. Уәкілетті органның лицензияның қолданылуын тоқтата тұру немесе оны қайтарып алу туралы хабарламасын алғаннан кейін клиенттер алдындағы міндеттемелерді орындау тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

60-бап. Лицензиаттардың есептері

1. Лицензиаттар уәкілетті органға бағалы қағаздар рыногындағы өз қызметі туралы есептер беруге міндетті.

2. Есептерді беру мерзімі және оларды жасау тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

61-бап. Бағалы қағаздар рыногында қызметті жүзеге асыруға шектеулер мен тыйым салу

1. Лицензиат Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, қаржы рыногындағы қызметке жатпайтын кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқылы емес.

2. Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың бағалы қағаздар рыногындағы қызметі Қазақстан Республикасының осы қызмет түрлерін реттейтін заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

62-бап. Өтініш берушінің (лицензиаттың) басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптар

1. Мыналардың:

1) осы баптың 2-тармағында белгіленген кәсіби талаптарға сәйкес келмеген;

2) өтелмеген соттылығы бар;

3) лицензиаттың басшы қызметкері лауазымына кандидатураны келісу құжаттарын ұсынардың алдында бір жыл ішінде бағалы қағаздар рыногындағы қызметке байланысты құқық бұзғаны үшін әкімшілік жауапқа тартылған;

4) бұрын банкрот деп танылған ұйымның басшы қызметкері болып табылған немесе осы адам осы ұйымның басшы қызметкері лауазымында болған уақытында консервациялауға, санациялауға немесе еріксіз таратуға ұшыраған тұлғалардың басшы қызметкер лауазымын орындауына құқығы жоқ. Осы талаптар аталған жағдайлардың біреуі туындағанға дейін бір жыл бұрын мұндай ұйымның басшы қызметкері болып табылған тұлғаларға қолданылады және ол туындағаннан кейін үш жыл бойы

қ о л д а н ы л а д ы .

5) уәкілетті органда келісу рәсімдерінен өтпегендердің орындауына құқығы жоқ.

2. Өтініш берушінің (лицензиаттың) басшы қызметкеріне қойылатын кәсіби талаптарға мыналар кіреді:

1) тиісті жұмыс түрі бойынша жоғары білімінің болуы;
2) уәкілетті орган берген тиісті санаттағы біліктілік куәлігінің болуы;
3) негізгі қызметінің түрі қаржылық қызмет көрсету болып табылатын ұйымдағы бірінші басшының немесе бас бухгалтердің лауазымына кандидаттың кемінде үш жыл, басқа басшы қызметкерлердің - кемінде екі жыл жұмыс стажы болуы тиіс.

3. Өтініш берушінің (лицензиаттың) басшы қызметкері лауазымына кандидат уәкілетті органның оны сайлауға (тағайындауға) келісімі болғанда ғана сайланады (тағайындалады) .

Уәкілетті орган басшы қызметкердің кандидатурасын келісу тәртібін белгілейді және кандидаттың осы баптың 2-тармағында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы шешім қабылдайтын біліктілік комиссиясының қызметін ұйымдастырады.

4. Уәкілетті орган:

1) егер лицензиаттың қызметі барысында бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыру тәртібін белгілейтін Қазақстан Республикасы заңдарының бұзылуы анықталған болса;

2) келісім берілген мәліметтер негізінде жалған мәліметтер анықталса;

3) бағалы қағаздар рыногындағы қызметке байланысты құқық бұзушылықтар жасағаны үшін әкімшілік немесе қылмыстық жауапқа тартылса;

4) осы баптың 2-тармағында көзделген талаптарға сәйкес еместігі анықталған жағдайларда басшылық лауазымды атқаратын адамға берілген келісімді қайтарып алуға құқылы.

63-бап. Ұйымдық құрылымға қойылатын талаптар

1. Бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыруға арналған екі және одан астам лицензиясы бар лицензиаттың ұйымдық құрылымы қызметтің әр түрі бойынша жекелеген бөлімшелерден тұруға тиіс.

2. Лицензиат бір бөлімше қызметкерлерінің функциялары мен міндеттерін орындауды басқа бөлімшелердің қызметкерлеріне жүктеуге құқы жоқ.

3. Бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметтің бірнеше түрін жүзеге асыратын лицензиат бөлімшелерінің функцияларын бөлу жөніндегі қосымша талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

64-бап. Кепілдіктерге (уәде беруге) қолданылатын тыйым салу

Лицензиаттардың инвесторларға:

1) инвестицияларды жүзеге асыру кезінде тәуекелдерден (инвесторлардың бағалы қағаздармен мәмілелер жасау нәтижесінде туындауы мүмкін

шығындардан)

толық

қорғауға;

2) артықшылық берілген акциялар және облигациялар бойынша сыйақы жөнінде бұрын белгіленген кепілдік берілген дивидендтерді қоспағанда, бағалы қағаздар бойынша кірістерге;

3) бағалы қағаздардың болашақтағы құнына кепілдік беруіне (уәде беруіне) тыйым салынады.

65-бап. Ықылассыз мінез-құлыққа тыйым салу. Бағалы қағаздардың бағасымен айла-әрекет жасау

1. Лицензиаттың:

1) басқа лицензиаттарға және инвесторларға олардың бағалы қағаздар рыногындағы мінез-құлқын өзгерту мақсатында кез келген нысанда қысымшылықтар көрсетуіне;

2) бағалы қағаздар рыногында қалыптасқан жағдайларға қысымшылықтар көрсету мақсатында қасақана толық емес немесе жалған мәліметтер таратуына;

3) бағалы қағаздар рыногында бағамен айла-әрекет жасауына тыйым салынады.

2. Бағалы қағаздардың бағаларына айла-әрекет жасау мақсатында олармен жасалатын мәмілелердің негізгі түрлері болып танылатындар:

1) алдамшы немесе жалған мәміле;

2) екі және одан астам тараптар арасында шамамен бірдей сомаға және шамамен тең баға бойынша қарсы бағыты бар, алдын ала келісім бойынша жасалатын мәмілелер, олардың орындалуы мұндай мәмілелердің тараптарындағы бағалы қағаздар және ақша саны мұндай мәмілелер жасалғанға дейін олардың санымен салыстырғанда айтарлықтай өзгерген жоқ;

3) тараптар арасында, мұндай мәмілелер жасалғанға дейін бағалы қағаздар рыногында қалыптасқан осы бағалы қағаздардың бағасынан айтарлықтай өзгеше бағамен алдын ала келісім бойынша жасалған мәміле;

4) оны талдау бағалы қағаздар бағасына айла-әрекет жасау мақсатында жасалғанын анықтауға мүмкіндік беретін өзге де мәміле.

3. Бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді бағаны айла-әрекет жасау мақсатында жасалған ретінде тану тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында (егер мұндай мәміле оның сауда жүйесінде жасалған болса) белгіленеді.

4. Лицензиаттардың осы баптың 1-тармағында белгіленген тыйым салуды бұзуы бағалы қағаздар рыногында қызметтің тиісті түрін жүзеге асыруға арналған лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға және көрсетілген тыйым салуды бұзу нәтижесінде бағалы қағаздар рыногының субъектілері шеккен шығындарды жабу үшін тұрақсыздық айыбын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен одан өндіріп алуға негіздеме болып табылады.

Сауда-саттықты ұйымдастырушы мүшелерінің осы баптың 1-тармағында белгіленген тыйым салуды бұзғаны үшін жауапкершілігі сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында белгіленеді.

11-тарау. Бағалы қағаздар рыногындағы нақтылы ұстау

66-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздарды нақтылы ұстауды жүзеге асыру тәртібі

1. Бағалы қағаздардың нақтылы ұстаушысы ретінде клиенттердің есепшоттарын жүргізу құқығымен депозитарийлік, кастодиандық және брокерлік-дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйым нақтылы ұстау қызметін көрсетуге құқылы.

Нақтылы ұстау Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес эмиссиялық болып табылмайтын бағалы қағаздарға және бағалы қағаздармен мәмілелер жасауға арналмаған клиенттің ақшасына қатысты жүргізілмейді.

2. Лицензиат клиенттің эмиссиялық бағалы қағаздарын нақтылы ұстауды және ақшасын басқаруды нақтылы ұстауға берілген бағалы қағаздарға қатысты лицензиаттың құқықтарын белгілейтін клиентпен жасалған шарттың талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

+ 3. Бағалы қағаздар рыногында кастодиандық және брокерлік-дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйым клиентпен нақтылы ұстау туралы шарт жасасқаннан кейін үш күн ішінде клиентке нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде жеке есепшот және депозитарийді есепке алу жүйесінде клиенттің қосалқы есепшотын ашуға міндетті.

Бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін жүргізу жүйесінде нақтылы ұстауға берілген мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарды есепке алу депозитарийдің бұйрығы негізінде тіркеуші ашқан депозитарийдің жеке есепшоты бойынша жүзеге асырылады.

Нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде жеке есепшот ашу тәртібі нақтылы ұстаушының ішкі құжаттарында белгіленеді.

4. Эмиссиялық бағалы қағаздарды нақтылы ұстауды жүзеге асыру тәртібінің осы Заңның талаптарына және нақтылы ұстау туралы шарттың талаптарына сәйкес болуы лицензиаттардың ішкі құжаттарында белгіленеді.

67-бап. Нақтылы ұстаушының міндеттері

Нақтылы ұстаушы :

1) клиенттің жеке есепшотындағы қателер мен ақпаратты бұрмалаудың алдын алу бойынша тұрақты бақылауды жүзеге асыруға;

2) нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде бар және клиенттің жеке есепшоты бойынша өзгерістер енгізудің бірізді тарихын белгілеуге немесе қалпына келтіруге

мүмкіндік беретін ақпаратты сақтауға;

3) осы Заңда белгіленген мерзімде клиенттің жеке есепшоты бойынша өзгерістер е н г і з у г е ;

4) нақтылы ұстауға берілген бағалы қағаздарға қатысты өзі қабылдайтын шешімдерге ықпал етуге жол бермеу мақсатында клиентке шынайы ақпарат беруге міндетті.

68-бап. Нақтылы ұстаушының функциясы. Нақтылы ұстаушының функцияларды жүзеге асыруына байланысты тыйым салу

1. Нақтылы ұстаушының функциялары:

1) клиенттің бағалы қағаздарының есебін жүргізу және осы бағалы қағаздармен мәмілелер жасау кезінде олардың болуын қамтамасыз ету;

2) клиенттің бағалы қағаздармен мәмілелерін тіркеу;

3) клиенттердің бағалы қағаздар бойынша құқықтарын растау;

4) нақтылы ұстауға берілген бағалы қағаздармен мәмілелерді жасау кезінде клиенттердің мүдделерін білдіру;

5) нақтылы ұстауға берілген бағалы қағаздарға қатысты ақпаратты клиентке х а б а р л а у ;

6) нақтылы ұстау туралы шартқа сәйкес Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де функциялар болып табылады.

2. Нақтылы ұстаушыға :

1) Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес келмейтін бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеуді жүзеге асыруға;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, клиенттің бұйрығынсыз бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеуді жүзеге а с ы р у ғ а ;

3) клиенттің ақшасы мен бағалы қағаздарын өз мүддесіне немесе оның тиісті жазбаша рұқсатынсыз үшінші тұлғалардың мүддесі үшін пайдалануға т ы й ы м с а л ы н а д ы .

3. Нақтылы ұстаушы (депозитарийді қоспағанда) басқа нақтылы ұстаушыға өзіне нақтылы ұстауға берілген эмиссиялық бағалы қағаздарға қатысты нақтылы ұстау қызметін көрсетуге құқығы жоқ.

69-бап. Нақтылы ұстау туралы шарт

1. Нақтылы ұстаушы мен оның клиенті арасындағы құқықтық қатынастар олардың арасында жасалынған нақтылы ұстау туралы шартпен реттеледі. Нақтылы ұстау туралы шартқа тиісінше Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген мүлікті сенімгерлікпен басқару шартының нормалары қолданылады.

2. Нақтылы ұстаушы нақтылы ұстау туралы шартты жасар алдында клиентті нақтылы ұстаушы ретінде қызметті орындау шарттарымен таныстыруға міндетті.

Шарт жасаған кезде бағалы қағаздарды нақтылы ұстау есепшотына тез арада есептеуді клиенттен талап етпейді.

3. Нақтылы ұстау туралы шартта мыналар болуға тиіс:

1) ш а р т т ы ң м ә н і ;

2) нақтылы ұстаушының клиенттің есепшоты туралы коммерциялық құпияны сақтау жөніндегі міндеттемелерді қоса алғанда, тараптардың құқықтары мен міндеттері ;

3) нақтылы ұстаушының депозитарий клиенті туралы мәліметтерді беру ш а р т т а р ы м е н т ә р т і б і ;

4) нақтылы ұстауға берілген бағалы қағаздар бойынша клиенттердің құқықтарын р а с т а у т ә р т і б і ;

5) нақтылы ұстаушы қызмет көрсетуіне ақы төлеу мөлшері мен тәртібі;

6) нақтылы ұстаушының клиент алдында есеп беру нысаны және кезеңділігі;

7) шарттың талаптарын бұзғаны үшін тараптардың жауапкершілігі;

8) бағалы қағаздар бойынша кіріс алу талаптары мен тәртібі және оларды клиенттің банктік есепшотына есептеу тәртібі.

Шарттың жоғарыда аталған ережелерінен басқа Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да талаптары болуы мүмкін.

70-бап. Нақтылы ұстаудағы бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу

1. Нақтылы ұстаушы нақтылы ұстаудағы бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеуді нақтылы ұстауды есепке алу жүйесіндегі және депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі клиенттің қосалқы есепшоты бойынша жүзеге асырады.

2. Депоненттің клиенті депозитарийде осы клиентті бірегейлендіруге қажетті мәліметтер бар болса депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі оның қосалқы есепшотының жай-күйі туралы ақпарат алуға құқылы.

Нақтылы ұстау жүйесіндегі жеке есепшоттың көшірмесінде көрсетілген мәліметтер сәйкес болмаған жағдайда депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі оның қосалқы есепшоты бойынша мәліметтерде депозитарийдің есепке алу жүйесінде көрсетілген мәліметтер б а с ы м д ы қ қ а и е б о л а д ы .

3. Нақтылы ұстауға берілген бағалы қағаздармен жасалынған мәмілелерді тіркеу ерекшеліктері нақтылы ұстаушының ішкі құжаттарында белгіленеді.

71-бап. Нақтылы ұстаушының ақпаратты жария етуі

1. Нақтылы ұстаушы тіркеуші мен депозитарийдің талап етуі бойынша, нақтылы ұстау туралы олардың арасында жасалған шарттарға сәйкес өздері жөніндегі мәліметтерді жария ету құқықтарын нақтылы ұстаушыға бермеген клиенттер туралы мәліметтерді қ о с п а ғ а н д а , ө з і н і ң нақтылы ұстауында бағалы қағаздары бар клиенттер туралы мәліметтерді табыс етуге м і н д е т т і .

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген ақпаратты ұсыну тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

2. Нақтылы ұстаушының осы баптың 1-тармағында белгіленген өзінің клиенттері туралы мәліметтер беру жөніндегі шектеулер Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің қызметін қадағалау және бақылау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға қолданылмайды.

12-тарау. Бағалы қағаздар рыногындағы брокерлік-дилерлік қызмет

72-бап. Брокерлік-дилерлік қызметті жүзеге асыру тәртібі

1. Брокер-дилер осы Заңда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде, өзін-өзі реттейтін ұйымның бағалы қағаздармен және туынды бағалы қағаздармен мәмілелер жасау тәртібіне қойылатын ішкі құжаттарында белгіленген талаптарды сақтауға міндетті.

2. Брокер мен оның клиенттері арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тапсырма немесе комиссия шартының нормалары қолданылатын брокерлік қызмет көрсету туралы шарт негізінде туындайды.

3. Брокер-дилердің ұжымдық құрылымына дербес бөлімшелер кіруге тиіс және өздеріне жүктелген функцияларды орындаған кезде олардың өзара іс-әрекеті оның ішкі құжаттарында белгіленеді.

4. Брокер-дилер бөлімшелерінің біреуінің басшысы болып табылатын басшы қызметкердің міндеттерін, басқа бөлімшесінің басшы қызметкерінің міндеттерін орындауға тыйым салынады.

5. Брокер-дилердің уәкілетті орган біліктілік куәліктерін қайтарып алған немесе оның қолданылуын тоқтатқан мамандарды жұмысқа жіберуіне тыйым салынады.

73-бап. Бағалы қағаздармен мәмілелер жасау

1. Егер шартта клиенттің бұйрығын орындаудың өзге де тәртібі мен мерзімі көзделмеген болса, брокер-дилер клиенттің бұйрығына сәйкес бағалы қағаздармен мәмілелер жасайды. Клиенттердің бұйрықтарының түрлері, олардың мазмұны және ресімдеу уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде және брокер-дилердің ішкі құжаттарында белгіленеді.

2. Клиенттің бұйрығын орындауды бұйрықта көрсетілген мәміленің өлшемдерін сақтай отырып брокер-дилер жүзеге асырады. Егер мәміле жасау кезінде бұйрықтың өлшемдерін өзгерту қажеттігі туындаса, брокер-дилер өз іс-әрекеттерін шартта белгіленген тәртіппен клиентпен келісуге міндетті. Брокер-дилер клиенттің бұйрығының неғұрлым жақсы орындалуы үшін бар мүмкіндікпен күш жұмсауға міндетті.

3. Брокер-дилер андеррайтер ретінде немесе эмиссиялық синдикат құрамында эмитентке эмиссиялық бағалы қағаздарды бағалы қағаздардың бастапқы рыногында орналастыру жөніндегі қызмет көрсетуге құқылы. Қызметтің көрсетілген түрін жүзеге асыру тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

13-тарау. Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызмет

74-бап. Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру тәртібі

1. Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінің жүйесін жүргізуді осы Заңға, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне, тіркеушінің ішкі құжаттарына және эмитентпен жасалған шартқа сәйкес тіркеуші жүзеге асырады.

Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінің жүйесін жүргізу эмиссиялық бағалы қағаздарға қатысты міндетті болып табылады.

2. Тіркеуші эмитенттің, оның басқарушы қызметкерлерінің және дербес немесе аффилиирленген тұлғалармен бірлесіп осы эмитенттің дауыс беретін акцияларының (үлесінің) он және одан астам процентіне (халықтық акционерлік қоғамда - дауыс беретін акциялардың бес және одан астам процентіне) иелік ететін эмитент акционерлерінің (қатысушыларының) аффилиирленген тұлғасы болмауы тиіс.

3. Бағалы қағаздарды ұстаушылар туралы мәліметтер уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде және тіркеушінің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жүйесіне енгізілуге жатады.

4. Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жүйесін құрайтын құжаттардың тізбесі, бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінің жүйесін қалыптастыру, сақтау әрі жүргізу тәртібі, жеке есепшоттардан үзінді-көшірмелердің нысандары және оларда көрсетілетін мәліметтер тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

75-бап. Тіркеушінің функциялары

1. Тіркеушінің функциялары мыналар болып табылады:

1) бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінің жүйесін қалыптастыру, жүргізу және сақтау;

2) тіркелген тұлғаға бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жүйесінде жеке есепшот ашу;

3) тіркелген тұлғаның жеке есепшоты бойынша бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеу;

4) тіркелген тұлғаның бағалы қағаздары бойынша құқықтарын растау;

5) бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жүйесін заман талабына сай ж а й - к ү й д е қ о л д а п т ұ р у ;

6) бағалы қағаздардың қайталама рыногында айналыстағы және эмитент сатып алған бағалы қағаздар санының уәкілетті орган тіркеген санына сәйкестігіне бақылауды ж ү з е г е а с ы р у ;

7) бағалы қағаздарды ұстаушыларды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда немесе эмитенттің тапсырмасы бойынша эмитенттің қызметіне, оның бағалы қағаздарына қатысты хабардар ету;

8) банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметін реттеуді және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органды көрсетілген қаржы ұйымдарының дауыс беретін акцияларымен мәмілелер туралы хабардар ету;

9) эмитенттің сұратуы негізінде оған бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жүйесін құрайтын ақпаратты ұсыну;

10) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес ақпаратты алу құқығына ие мемлекеттік органдарға бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жүйесін құрайтын ақпаратты ұсыну.

76-бап. Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі жүйесін жүргізу жөніндегі шарт

1. Тіркеушімен бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөнінде шарт жасау туралы шешімді эмитенттің жарғысында белгіленген оның құзыретіне сәйкес эмитенттің басқару органы қабылдайды. Осы шешімде эмитенттің атынан шарт жасасуға қатысуға, оған қол қоюға және шарттың қолданылу кезеңінде эмитенттің м ү д д е с і н білдіруге уәкілетті тұлға (тұлғалар) көрсетілуі тиіс.

2. Эмиссиялық бағалы қағаздардың әр түрлерін шығарған кезде эмитент бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінің жүйесін жүргізу жөніндегі шартты тек бір тіркеушімен ж а с а с у ғ а м і н д е т т і .

3. Тіркеушінің өзінің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыруға және бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінің жүйесін жүргізуді басқа тіркеушіге қайта тапсыруға құқығы ж о қ .

4. Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінің жүйесін жүргізу жөніндегі шартты жасаған кезде эмитент лицензиатқа мынадай құжаттарды:

1) эмитент органының осы лицензиатпен бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінің жүйесін жүргізу жөнінде шарт жасау туралы шешімін;

2) ж а р ғ ы н ы ң к ө ш і р м е с і н ;

3) эмитентті шаруашылық субъектісі ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәландыратын құжаттардың көшірмелерін;

4) эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәландыратын құжаттардың көшірмелерін;

5) бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жүйесін құрайтын ақпаратты алу және шарттың талаптары орындалған кезде құжаттарға қол қою құқығына ие эмитент өкілдерінің қолдары үлгілерінің карточкасын ұсынуға міндетті. Эмитенттің лауазымдық тұлғаларының қолдары нотариалдық куәландыруға жатады.

5. Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі жүйесін жүргізу жөніндегі шартты жасаған кезде тіркеуші эмитентке танысу үшін өзінің ішкі құжаттарын ұсынуға міндетті.

77-бап. Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінің жүйесін жүргізу жөніндегі шартты бұзған кезде тіркеушіге қойылатын талаптар

1. Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінің жүйесін жүргізу жөніндегі шарт бұзылған жағдайда тіркеуші шарт бұзылған күнгі бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жүйесін құрайтын құжаттар мен электрондық деректерді бұрынғы тіркеушімен шартты бұзу туралы актіге қол қойған күннен бастан он бес күн ішінде эмитент көрсеткен жаңа тіркеушіге тапсырады.

Көрсетілген құжаттарды тапсыру тіркеуші өкілдерінің қатысуымен қабылдау-тапсыру актісін жасау арқылы шартты бұзу туралы актіге қол қойылған күннен бастап он бес күн ішінде жүзеге асырылады. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін эмитентпен бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі жүйесін жүргізу жөніндегі шартты жасаған тіркеушінің эмитентке және бағалы қағаздарды ұстаушыларға бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеуден және бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жүйесін құрайтын ақпаратты ұсынудан бас тартуға құқығы жоқ.

2. Жаңа тіркеушіге тапсырылуға жататын бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жүйесін құрайтын құжаттар мен электрондық деректердің құрамы және оларды тапсыру тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

3. Тіркеуші шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жүйесінің жеке есепшоттарынан берген үзінді-көшірмелер жарамсыз болып табылады. Шарттың қолданылу күні аяқталғаннан кейін тіркеушінің бағалы қағаздарды ұстаушылардың бұйрықтарын орындауға құқығы жоқ.

14-тарау. Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызмет. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызмет

78-бап. Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметі немесе зейнетақы активтерін

инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру тәртібі

1. Инвестициялық қордың инвестициялық портфелін басқару немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру тәртібі Қазақстан Республикасының заң актілерінде және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

2. Жеке инвесторлардың инвестициялық портфелін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

3. Инвестициялық портфельді басқару немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызмет клиенттің мүддесіне кіріс алу мақсатында жүзеге асырылады.

4. Инвестициялық портфельді басқару немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызмет бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметтің өзге де түрлерімен қатар қолданылмайды.

5. Инвестициялық портфельді немесе зейнетақы активтері басқарушыларының олардың басқаруындағы қаржы құралдарына қатысты құқықтарын кастодиан оның ішкі құжаттарына сәйкес есепке алады.

79-бап. Инвестициялық портфельді немесе зейнетақы активтерін басқарушылардың функциялары

1. Инвестициялық портфельді немесе зейнетақы активтерін басқарушылардың функциялары :

1) ақшаны эмиссиялық бағалы қағаздарға және Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес өзге де қаржы құралдарына инвестициялау жөнінде шешімдер қабылдау ;

2) қабылданған инвестициялық шешімдерді орындау мақсатында инвестициялық портфельді басқару және зейнетақы активтерін инвестициялық басқару процесінде бағалы қағаздар рыногының субъектілерімен өзара іс-қимыл жасау;

3) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және олардың ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелердің есебін жүргізу;

4) инвестициялық портфельді басқару және зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі шарттың талаптарын орындау болып табылады.

2. Инвестициялық портфельді немесе зейнетақы активтерін басқарушылар эмиссиялық бағалы қағаздарға және басқаруындағы өзге де қаржы құралдарына қатысты иелік ету, пайдалану әрі оларды басқару жөніндегі құқығын жүзеге асыруға құқылы.

80-бап. Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға байланысты тыйым салу

1. Инвестициялық портфельді немесе зейнетақы активтерін басқарушылардың:
 - 1) материалдық өндіріс саласындағы қызметті жүзеге асыруына;
 - 2) кез келген кепілдемелер мен кепілдіктер беруіне, басқаруындағы активтерді кепілге салу мәмілелерін жасауына;
 - 3) кез келген тәсілдермен заемдар беруіне;
 - 4) акциялардан басқа, өзге де бағалы қағаздарды шығаруына;
 - 5) басқаруындағы активтер құрамына кіретін қаржы құралдарын оларды кері сатып алу міндеттемесі талабымен сатуына;
 - 6) маржа бойынша кез келген бағалы қағаздарды сатып алуына тыйым салынады.
2. Қазақстан Республикасының заң актілерінде инвестициялық портфельді немесе зейнетақы активтерін басқарушылардың бағалы қағаздардың ұйымдаспаған рыногында бағалы қағаздармен мәмілелер жасау бойынша тыйым салу немесе шектеу белгіленуі мүмкін.

81-бап. Инвестициялық шешімдерді қабылдау

1. Клиенттердің инвестициялық портфельіне қатысты инвестициялық шешімдер қабылдауды тиісті санатты біліктілік куәліктеріне ие болған инвестициялық портфельді немесе зейнетақы активтерін басқарушылардың мамандарынан тұратын саны кемінде үш адам болатын лицензиаттың инвестициялық комитеті жүзеге асырады. Инвестициялық комитеттің құрамына мамандар сайлауды атқарушы орган жүзеге асырады. Инвестициялық комитеттің шешімдері оның мәжілісіне қатысатын мамандардың көпшілік дауысымен қабылданады және жазбаша түрде ресімделеді.
2. Инвестициялық комитеттің қызметіне қатысатын мамандар клиентке салақтық, Қазақстан Республикасы заңдарының нормаларын бұзу және инвестициялау тәртібін сақтамау салдарынан зиян келтірген жағдайда клиент алдында жауапкершілікте болады.

15-тарау. Кастодиандық қызмет

82-бап. Кастодиандық қызметті жүзеге асыру тәртібі

1. Бағалы қағаздар рыногында кастодиандық қызметті банктердің қызметін реттеуді және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның сейфтік операциялар лицензиясына ие банктер жүзеге асырады.
2. Кастодиан өзінің қызметін Қазақстан Республикасының заңдарына және клиентпен жасалған кастодиандық қызмет көрсету шартына сәйкес жүзеге асырады.
3. Кастодиан өз клиентінің аффилиирленген тұлғасы болмауы тиіс.

4. Кастодиандық қызметтің объектілері кастодианға кастодиандық қызмет көрсету шартына сәйкес клиент тапсырған ақша және қаржы құралдары болып табылады.

5. Кастодиандық қызметті бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметтің өзге де түрлерімен қатар қолданған кезде кастодиан оның ұйымдық құрылымында бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметтің әр түрі бойынша жекелеген бөлімшелердің болуы жөніндегі талаптарды және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген шектеу мен тыйым салуды сақтауға міндетті.

6. Жинақтаушы зейнетақы қорына, инвестициялық қорға қызмет көрсетуді, инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын кастодианның бағалы қағаздар рыногында брокер ретінде оларға қызмет көрсетуге құқығы жоқ.

83-бап. Кастодианның функциялары мен міндеттері

1. Кастодиан мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) ақшаға, эмиссиялық бағалы қағаздарға және кастодиандық қызмет көрсетуге тапсырылған өзге де қаржы құралдарына қатысты клиентке есепшоттар ашады;

2) ақшаның, эмиссиялық бағалы қағаздардың және кастодиандық қызмет көрсетуге тапсырылған өзге де қаржы құралдарының сақталуын әрі есебін қамтамасыз етеді;

3) нақтылы ұстауды жүзеге асырады;

4) эмиссиялық бағалы қағаздармен және кастодиандық қызмет көрсетуге тапсырылған өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша төлем агентінің функциясын атқарады;

5) клиенттің эмиссиялық бағалы қағаздарымен мәмілелерді тіркейді және осы бағалы қағаздар бойынша оның құқықтарын растайды;

6) кастодиандық қызмет көрсетуге тапсырылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша кіріс алады және оны клиенттің есепшотына есепке алады;

7) эмитенттің тапсырмасы бойынша клиентке ақпарат береді;

8) клиентке кастодиандық қызмет көрсету шартында көзделген өзге де қызметтерді көрсетеді.

2. К а с т о д и а н :

1) ақшаны, эмиссиялық бағалы қағаздарды және кастодиандық қызмет көрсетуге тапсырылған өзге де қаржы құралдарын сақтау мен есепке алуды жүзеге асыруға;

2) кастодиандық қызмет көрсету шартының талаптарын, сондай-ақ клиенттің бұйрықтарын олардың мазмұнына сәйкес орындауға;

3) өз активтеріне қатысты ақшаның, эмиссиялық бағалы қағаздардың және кастодиандық қызмет көрсетуге тапсырылған өзге де қаржы құралдарының оқшауланған сақталуын және есепке алынуын қамтамасыз етуге;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптарға сәйкес клиенттердің есепшоттарын жүргізу технологиясын сақтауға;

5) клиентке тұрақты негізде және оның талабы бойынша есепшоттарының жай-күйі туралы есеп беруге;

б) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді жарияламауға;

7) кастодиандық қызметті Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асыруға міндетті.

84-бап. Кастодиандық қызмет көрсету шарты

1. Кастодиан мен оның клиент арасындағы қарым-қатынас кастодиандық қызмет көрсету шарты негізінде туындайды және оған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген сақтау және тапсыру шартының нормалары қолданылады.

2. Кастодиан кастодиандық қызмет көрсету шартын жасау кезінде клиентті өзінің ішкі құжаттарымен таныстыруға міндетті.

3. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген талаптардан басқа кастодиандық қызмет көрсету шарты:

1) клиентке кастодиандық қызмет көрсету бойынша қызметтерді ұсыну тәртібін;

2) кастодианның және оның клиентінің құқықтары мен міндеттерін;

3) кастодианның қызметіне ақы төлеу тәртібін;

4) кастодианның кастодиандық қызмет көрсетуге тапсырылған бағалы қағаздары бойынша кірісті алу және оны клиенттің есепшотына есепке алу талаптары мен тәртібін;

5) кастодиандық қызмет көрсету жөніндегі шартты бұзу тәртібін қамтуы тиіс.

16-тарау. Трансфер-агенттік қызмет

85-бап. Трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыру тәртібі

1. Бағалы қағаздар рыногында трансфер-агенттік қызмет электрондық байланысты қолдана отырып, құжаттардың (ақпараттың) мазмұнын, одан әрі олардың түпнұсқаларын почта байланысының құралдары және қолма-қол тапсыру арқылы бағалы қағаздар рыногында мәмілелер жасау процесінде бағалы қағаздар рыногының субъектілері арасында құжаттарды (ақпаратты) қабылдау және тапсыру мақсатында жүзеге асырылады.

2. Бағалы қағаздар рыногында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыру тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және лицензиаттың ішкі құжаттарында белгіленеді.

3. Трансфер-агенттің клиенттері бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары, өзге де заңды және жеке тұлғалар болып табылады.

86-бап. Трансфер-агенттің функциялары

1. Трансфер-агент мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) тапсыру үшін алған құжаттарды тіркейді;

- 2) алынған құжаттарды сақтайды;
- 3) трансфер-агенттік қызметті жүзеге асырған кезде қолданылатын электрондық деректер базасының сақталуын қамтамасыз етеді;
- 4) трансфер-агенттік қызметті жүзеге асырған кезде қолданылатын электрондық жүйелердің жұмыс қабілеттілігіне қолдау көрсетеді;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

2. Трансфер-агент пен оның клиенттері арасындағы қарым-қатынас трансфер-агенттік қызмет көрсету шарты негізінде туындайды және оған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тапсыру шартының нормалары қолданылады.

17-тарау. Депозитарийдің қызметі

87-бап. Депозитарийдің қызметін жүзеге асыру тәртібі

1. Депозитарий коммерциялық емес ұйым болып табылады. Депозитарийдің акциялары бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары, сауда-саттықты ұйымдастырушылар және халықаралық қаржы ұйымдары арасында орналастырылады.

2. Депозитарийдің қызметі өзін-өзі ақтау принципіне негізделеді және оның қызметінен болған кіріс депозитарийдің материалдық-техникалық әрі әлеуметтік дамуына, сондай-ақ депозитарий акционерлері жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзге де мақсаттарға қолданылады.

3. Депозитарийдің депоненттері бағалы қағаздардың нақтылы ұстаушылары, сондай-ақ шетелдік депозитарийлер мен кастодиандар болатын бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары болып табылады.

4. Бағалы қағаздар рыногында депозитарлық қызметті жүзеге асыру тәртібі осы Заңда, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде және ішкі құжаттарда - депозитарийдің ережелер жинағында белгіленеді.

88-бап. Депозитарийдің функциялары

1. Депозитарийдің функциялары:
 - 1) нақтылы ұстауды жүзеге асыру;
 - 2) эмиссиялық бағалы қағаздар және өзге де қаржы құралдары жөніндегі құқықтарды есепке алу;
 - 3) эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен жасалған мәмілелерді тіркеу;
 - 4) өзінің депоненттері мен олардың клиенттерінің эмиссиялық бағалы қағаздары және өзге де қаржы құралдары бойынша құқықтарын растау;
 - 5) бағалы қағаздар рыногындағы клиринг операциялары;
 - 6) тиісті лицензия болған жағдайда бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінің

ж ү й е с і н

ж ү р г і з у ;

7) нақтылы ұстаудағы қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша төлем агентінің функциясын орындау;

8) бағалы қағаздар бойынша және оларды өтеген кезде кірісіп төлеу жөніндегі төлем агентінің функциясын орындау;

9) эмитенттің тапсырмасы бойынша депонентке ақпарат тапсыру; 10) консультациялық, ақпараттық және Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да қызмет түрлері болып табылады.

2. Депозитарий тиісті лицензия болған жағдайда уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға құқылы.

3. Депозитарий мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздармен мәмілелерге депозитарийлік қызмет көрсетуді Қазақстан Республикасының заңдарына және депозитарийдің ережелер жинағына сәйкес жүзеге асырады.

Эмиссиялық бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер бойынша ақшалай есеп айырысуларды депоненттердің есепшотынан ақшаны есептен шығару есепшотына есепке алу туралы депозитарийдің тапсырмалары негізінде есеп айырысу ұйымы жүзеге асырады.

4. Эмиссиялық бағалы қағаздар және қаржы құралдары бойынша есеп айырысуларды, сондай-ақ мәмілелерге клирингтік қызмет көрсетуді депозитарийдің өзі жүзеге асырады.

89-бап. Депозитарийдің ережелер жиынтығы

1. Депозитарийдің ережелер жинағы депозитарийдің бағалы қағаздар рыногының субъектілерімен қарым-қатынасын айқындайды. Депозитарийдің ережелер жиынтығын сақтау депозитарийдің депоненттері болып табылатын және/немесе депозитарийдің қызметін пайдалана отырып мәмілелерді жүзеге асыратын барлық субъектілер үшін міндетті болып табылады.

2. Депозитарийдің ережелер жинағы:

1) эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелерді тіркеу ережесін,

2) эмиссиялық бағалы қағаздарды және өзге де қаржы құралдарын есепке алу ережесін,

3) эмиссиялық бағалы қағаздар мен өзге де қаржы құралдарын сақтау және материалсыздандыру ережесін,

4) клиринг қызметін жүзеге асыру тәртібін,

5) депоненттерге есеп беру тәртібін,

6) бағалы қағаздар рыногының субъектілерімен өзара іс-қимыл тәртібін,

7) депозитарийдің қызмет ақысының мөлшерін және ақыны төлеу тәртібін,

8) депозитарийдің қызметін реттейтін және Қазақстан Республикасының заңдарына

қайшы келмейтін өзге де ережелерді қамтуы тиіс.

90-бап. Депозитарийдің қызметін шектеу

1. Д е п о з и т а р и й д і ң :

1) ол Қазақстан Республикасының заңдарына және депозитарийдің ережелер жинағына сәйкес қабылдаған міндеттемелерін орындауды басқа да тұлғаларға табыстауға;

2) депоненттің және сауда-саттық ұйымдастырушының тиісті бұйрықтарынсыз операцияларды жүзеге асыруға;

3) депонент туралы және оған әрі оның клиенттеріне тиесілі бағалы қағаздар туралы коммерциялық ақпаратты, сондай-ақ қызметтік ақпаратты жариялауға;

4) депоненттердің құқықтарын және мүдделерін бұзатын қандай да бір іс-әрекеттер жасауға құқығы жоқ.

2. Депозитарийге бағалы қағаздар рыногында есеп айырысу операцияларын жүзеге асыратын ұйымдардың жарғылық капиталына қатысуды қоспағанда заңды тұлғаларды құруға және қызметіне қатысуға тыйым салынады.

18-тарау. Сауда-саттықты ұйымдастырушы

91-бап. Сауда-саттықты ұйымдастырушының қызметін жүзеге асыру тәртібі

1. Сауда-саттықты ұйымдастырушының құрылтайшылары (акционерлері) бағалы қағаздар рыногында брокерлік-дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензиясына ие бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары болып табылады.

2. Сауда-саттық ұйымдастырушының қызметі өзін-өзі ақтау принципіне негізделеді және оның қызметінен түскен кіріс сауда-саттық ұйымдастырушының материалдық-техникалық әрі әлеуметтік дамуына, сондай-ақ сауда-саттықты ұйымдастырушы акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзге де мақсаттарға қолданылады.

3. Сауда-саттықты ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға құқылы.

4. Сауда-саттықты ұйымдастырушының ұйымдық құрылымына қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

Сауда-саттықты ұйымдастырушы оның қызмет етуіне қажетті жұмысты орындау және қызмет көрсету бойынша қызметті жүзеге асыратын филиалдарды, өкілдіктерді және еншілес ұйымдарды құруға құқылы.

5. Қаржы құралдарымен мәмілелердің жасалуын бақылау мақсатында сауда-саттық

ұйымдастырушының ұйымдық құрылымына сауда-саттық ұйымдастырушының сауда жүйесінде жасалатын мәмілелерді қадағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын қадағалау бөлімшесі кіруі тиіс.

Қадағалау бөлімшесіне қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, сондай-ақ оларды жұмыстан босату уәкілетті органның келісімімен жүзеге асырылады.

Қадағалау бөлімшесінің қызметін жүзеге асыру тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

92-бап. Сауда-саттықты ұйымдастырушыны басқару

1. Сауда-саттық ұйымдастырушының органдары, олардың функциялары мен өкілеттіктері, құру және шешімдерді қабылдау тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарында, сауда-саттық ұйымдастырушының жарғысында және оның ішкі құжаттарында белгіленеді.

2. Сауда-саттықты ұйымдастырушы директорлар кеңесінің құрамына дауыс беру құқығымен тұрақты негізде уәкілетті органның өкілі кіреді.

3. Эмиссиялық бағалы қағаздары сауда-саттық ұйымдастырушының тізіміне кірген эмитенттердің өкілдері болып табылатын сауда-саттық ұйымдастырушының директорлар кеңесі мүшелерінің директорлар кеңесі эмиссиялық бағалы қағаздарды сауда-саттық ұйымдастырушының тізіміне кіргізу туралы шешімді қабылдаған кезде дауыс беруге құқығы жоқ.

93-бап. Сауда-саттық ұйымдастырушының ережесі

1. Сауда-саттық ұйымдастырушының ережесін оның атқарушы органы әзірлейді, уәкілетті органмен келісіледі және сауда-саттық ұйымдастырушы мүшелерінің жиналысы бекітеді.

2. Ереже сауда-саттық ұйымдастырушының сауда жүйесіне айналысқа жіберілген қаржы құралдарымен мәмілелерді жасаған кезде сауда-саттықты ұйымдастырушы мүшелерінің қызметін, сондай-ақ сауда-саттықты ұйымдастырушы мен оның мүшелері арасында туындайтын құқықтық қатынасты реттейді.

3. Ережеге сауда-саттық ұйымдастырушының функцияларына жататын мәселелерді реттейтін сауда-саттық ұйымдастырушының ішкі құжаттары кіреді және оларға мыналар жатады:

- 1) қаржы құралдарын сауда-саттыққа жіберу тәртібі;
- 2) эмиссиялық бағалы қағаздарды сауда-саттық ұйымдастырушының тізіміне кіргізу тәртібі;
- 3) сауда-саттықты өткізу тәртібі;
- 4) жасалатын мәмілелердің түрлері, сондай-ақ оларды тіркеу тәртібі;
- 5) эмиссиялық бағалы қағаздардың бағамын белгілеу тәртібі;
- 6) жасалатын мәмілелер бойынша есеп айырысу тәртібі және тәсілдері;
- 7) сауда-саттықты ұйымдастырушының мүшесі мәртебесіне ие болу және айырылу, сондай-ақ мүшелікті тоқтату тәртібі;

- 8) сауда-саттық қатысушылары арасындағы дауды шешу тәртібі;
- 9) сауда-саттық қатысушылары төлейтін алымдар мен басқа да төлемдердің мөлшері, сондай-ақ оларды төлеу тәртібі;
- 10) сауда-саттық қатысушылары жіберген құқық бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қабылдау тәртібі;
- 11) сауда-саттықты ұйымдастырушының қызметін ұйымдастыру үшін қажетті өзге де құжаттар.

94-бап. Сауда-саттық ұйымдастырушының мүшелері

1. Сауда-саттық ұйымдастырушының мүшелері бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, бағалы қағаздардан басқа, өзге де қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асыру құқығына ие өзге де заңды тұлғалар болып табылады.

2. Сауда-саттықты ұйымдастырушы бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының кемінде он мүшесіне ие болуы тиіс.

3. Сауда-саттықты ұйымдастырушының мүшелері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келетін шетелдік заңды тұлғалар болуы мүмкін.

4. Сауда-саттықты ұйымдастырушының мүшелігіне кандидаттарға қойылатын талаптар, мүшелікке қабылдау, мүшелікті тоқтата тұру және одан айырылу тәртібі, сондай-ақ сауда-саттықты ұйымдастырушы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері сауда-саттық ұйымдастырушының Ережесінде белгіленеді.

5. Сауда-саттықты ұйымдастырушының мүшелері мәмілелерді жасау осы мүшелер үшін сауда-саттық ұйымдастырушының Ережесінде рұқсат етілетін қаржы құралдарының түрлерімен ғана сауда-саттыққа қатысуға құқылы.

95-бап. Сауда-саттықты ұйымдастырушының қызметін қаржыландыру

1. Сауда-саттықты ұйымдастырушының кірісі негізгі қызметтен алынған қаражат есебінен құрылады.

2. Сауда-саттықты ұйымдастырушы мынадай жағдайларда:

- 1) сауда-саттықты ұйымдастырушының мүшелігіне кіргені үшін;
- 2) сауда-саттықты ұйымдастырушының мүлкін пайдаланғаны үшін;
- 3) қор биржасына айналысқа жіберілген эмиссиялық бағалы қағаздарды листингіге енгізгені және листингіде болғаны үшін;
- 4) мәмілелерді тіркеу әрі ресімдеу үшін;
- 5) ақпараттық қызмет үшін;

6) сауда-саттықты ұйымдастырушының ережесінде көзделген өзге де жағдайларда ақша алымдары мен жарналарды алады.

96-бап. Қор биржасының қызметі

1. Қор биржасы қызметінің негізгі мақсаты қаржы құралдарымен сауда-саттықты ұйымдастыру болып табылады.

2. Қор биржасының функциясы:

1) қаржы құралдарымен сауда-саттыққа қатысушыларға қаржы құралдарымен мәмілелер жасау үшін сауда алаңдарын (сауда жүйелерін) ұсыну;

2) қаржы құралдарының қор биржасындағы сауда-саттыққа жіберу және өзінің эмиссиялық бағалы қағаздарын, листинг санатын ескере отырып, қор биржасының тізіміне кіргізуге ниеттенген эмитенттерге қойылатын талаптарды белгілеу;

3) қаржы құралдарының бағамын белгілеу;

4) өз мүшелеріне ұйымдық, ақпараттық, консультациялық қызмет көрсету;

5) бағалы қағаздардың ұйымдасқан рыногының қызмет етуіне қатысты өзінің талдау зерттеулерін жүргізу;

6) сауда-саттыққа қатысушылар арасында Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен және талаптармен өзара есеп айырысуды қамтамасыз ету;

7) осы Заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру болып табылады.

97-бап. Қор биржасының тізімі

1. Қаржы құралдарын қор биржасының тізіміне қосу тәртібі оның ережесінде белгіленеді.

Қор биржасы тізімінің бірінші (ең жоғары) және екінші санатына қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

2. Эмиссиялық бағалы қағаздары қор биржасының тізіміне енген эмитенттер, сондай-ақ осы бағалы қағаздарды жіберудің бастамашылары осы Заңда, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде және эмитенттің қызметі әрі қор биржасының тізіміне кіретін (кірген) бағалы қағаздар туралы ақпаратты ашуға қатысты қор биржасының ережесінде белгіленген талаптарды сақтауға міндетті.

3. Егер эмитенттер белгіленген талаптарды орындамаса, қор биржасы өзінің ережелеріне сәйкес құқық бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қолдануға құқылы.

4. Қор биржасының тізіміне енген қаржы құралдары бір мезгілде басқа қор биржасында немесе Қазақстан Республикасының аумағында өзге де бағалы қағаздардың ұйымдасқан рыноктарында айналысқа жіберілуі мүмкін емес.

98-бап. Биржадан тыс рыноктың баға белгілейтін ұйымының қызметі

1. Биржадан тыс рыноктың бағам белгілейтін ұйымы қызметінің негізгі мақсаты белгіленген аумақта бағалы қағаздармен мәмілелерге қызмет көрсету болып табылады және бір сауда алаңында мәмілелер жасаумен шектелмейді.

2. Қор биржасында айналысқа жіберілген қаржы құралдарына қатысты биржадан тыс рыноктың бағам белгілейтін ұйымды пайдалана отырып бағалы қағаздармен мәмілелер жасауына жол берілмейді.

3. Биржадан тыс рыноктың бағам белгілейтін ұйымдағы мәмілелерді оның мүшелері болып табылатын тұлғалар жасауға құқылы.

19-тарау. Бағалы қағаздар рыногындағы өзін-өзі реттейтін ұйымдар

99-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымның міндеттері мен мақсаттары

1. Өзін-өзі реттейтін ұйымның негізгі міндеті өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің және олардың клиенттерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асырудың бірыңғай талаптарын құруды қамтамасыз ету болып табылады.

2. Өзін-өзі реттейтін ұйымның негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:

1) өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің кәсіби қызметінің бірыңғай ережелерін және стандарттарын белгілеу;

2) өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің қызметіне және олардың Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарды сақтауына бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру;

3) өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің және олардың клиенттерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау;

4) өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері арасындағы дауларды, сондай-ақ мүшелері мен олардың клиенттері арасындағы дауларды шешу;

5) өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің мүдделерін мемлекеттік билік және басқару органдарында, сот пен өзге де ұйымдарда білдіру;

6) уәкілетті органға, өзінің мүшелеріне және басқа да мүдделі тұлғаларға өз қызметі туралы ақпаратты ұсыну.

100-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымның құқықтық жағдайы

1. Өзін-өзі реттейтін ұйым коммерциялық емес ұйым түрінде құрылады және лицензия негізінде өз қызметін жүзеге асырады. Өзін-өзі реттейтін ұйымның қызметін лицензиялау тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

2. Өзін-өзі реттейтін ұйымның атауында осы ұйым мүшелерінің негізгі қызметінің түрін көрсететін, сондай-ақ "Қауымдастық", "Одақ" немесе "Бірлестік" деген сөздер болуы тиіс.

101-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымның функциялары

1. Өзін-өзі реттейтін ұйымның функцияларына мыналар жатады:

1) уәкілетті органға бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыру тәртібін белгілейтін нормативтік құқықтық актілердің жобалары, нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу жөнінде ұсыныстар беру;

2) кәсіби қатысушыларға бағалы қағаздар рыногында қызмет көрсеткені үшін

төленетін сыйақының ең жоғарғы мәнін анықтау;

3) бағалы қағаздар рыногында өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері және мүшелер мен олардың клиенттері арасында туындайтын дауларды қарау;

4) бағалы қағаздар рыногында қызметті жүзеге асыруға ниет білдірген тұлғалардың оқу бағдарламаларын әзірлеу және оқытуды жүргізу;

5) бағалы қағаздар рыногында қызметі жүзеге асыруға ниет білдірген немесе өзінің кәсіби деңгейін растайтын тұлғаларды тестілеу процесіне қатысу;

6) өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің рейтингтерін жасау және жариялау;

7) уәкілетті органның бастамасы бойынша өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің қызметін тексерулерге қатысу;

8) бағалы қағаздар рыногында өз мүшелерінің қызметіне бақылауды жүзеге асыру және оның ішкі құжаттарында және өзін-өзі реттейтін ұйымның ішкі құжаттарында Қазақстан Республикасының заңдарын бұзуға жол берген өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелеріне белгіленген тәртіптік ықпал ету шараларын қолдану.

2. Өзін-өзі реттейтін ұйым өз мүшелерінен коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпаратты қоспағанда, олардың бағалы қағаздар рыногындағы қызметі жөніндегі ақпаратты ұсынуын талап етуге құқылы.

3. Өзін-өзі реттейтін ұйым өзінің мүшелеріне уәкілді орган өз мүшелерінің қызметі мәселелері бойынша ұсынатын ақпаратты жіберуге міндетті.

102-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымның ішкі құжаттары

1. Өзін-өзі реттейтін ұйымның ішкі құжаттарына:

1) өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері қызметінің ережесі және стандарттары;

2) өзін-өзі реттейтін ұйымның өз мүшелерінің қызметіне қатысты бақылау және/немесе қадағалау іс-шараларын жүргізу ережесі;

3) өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері арасындағы дауларды және мүшелері мен олардың клиенттері арасындағы дауларды шешу ережесі;

4) өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелігіне қабылдау, мүшелікті тоқтата тұру және өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелігінен шығару ережесі;

5) өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің кәсіби этикасының ережесі;

6) жаза қолдану ережесі;

7) өзін-өзі реттейтін ұйымның бөлімшелері, комитеттері, филиалдары және өкілдіктері қызметінің тәртібін белгілейтін құжаттар жатады.

103-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымның ішкі құжаттарын келісу

1. Өзін-өзі реттейтін ұйымның ішкі құжаттарын өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің кеңесі әзірлейді, ол уәкілетті органмен келісуге жатады, өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің жалпы жиналысы бекітеді.

2. Өзін-өзі реттейтін ұйымның бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыру тәртібін белгілейтін ішкі құжаттары оның мүшелерінің жалпы жиналысы

бекіткен сәттен бастап өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері үшін міндетті болады.

3. Уәкілетті орган олар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келмеген жағдайда, өзін-өзі реттейтін ұйымның ішкі құжаттарымен келісуден бас тартуға қ ұ қ ы л ы .

Келісуден дәлелді бас тарту өзін-өзі реттейтін ұйымның ішкі құжаттары алынған сәттен бастап отыз күннен кешіктірілмей өзін-өзі реттейтін ұйымға жіберіледі.

104-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымның өтініші

1. Өзін-өзі реттейтін ұйым уәкілетті органға өзінің мүшелеріне қатысты мынадай м ә с е л е л е р :

1) өзін-өзі реттейтін ұйым мүшесіне лицензия беру, тоқтата тұру және қайтарып алу ;

2) өзін-өзі реттейтін ұйым мүшесінің қызметіне тексеру жүргізу;

3) өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшесін әкімшілік жауапқа тарту бойынша өтініш ж і б е р у г е қ ұ қ ы л ы .

2. Уәкілетті орган өзін-өзі реттейтін ұйымның өтінішін өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшесіне қатысты тиісті шешім қабылдау кезінде ескереді.

105-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымның уәкілетті органмен өзара қарым-қатынасы

1. Уәкілетті органның осы Заңда және Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, өзін-өзі реттейтін ұйымның қызметіне араласуға құқығы жоқ.

2. Өзін-өзі реттейтін ұйым уәкілетті органға өз мүшесінің Қазақстан Республикасының заңдарын, өзін-өзі реттейтін ұйымның ішкі құжаттарын бұзғаны туралы, сондай-ақ өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелеріне қатысты қолданылған тәртіптік ықпал ету шаралары туралы ақпаратты жеткізуге міндетті.

106-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымға мүшелік

Бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметтің тиісті түрін жүзеге асыратын ұйым өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері болуға міндетті.

107-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелігіне қабылдау тәртібі

1. Өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелігіне қабылдау тәртібі өзін-өзі реттейтін ұйымның ішкі құжаттарында белгіленеді.

2. Өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелігіне қабылдау туралы өтініш өзін-өзі реттейтін ұйымға түскен сәттен бастап отыз күн ішінде қаралады. Өтінішке тізбесі өзін-өзі реттейтін ұйымның ішкі құжаттарында анықталатын құжаттар қоса тіркеледі. Өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелігіне қабылдау туралы шешімді өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің кеңесі қабылдайды.

3. Өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелігіне қабылдаудан бас тарту туралы шешім жөнінде сотқа шағым жасауы мүмкін.

108-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымға мүшеліктің тоқтатылуы

1. Өзін-өзі реттейтін ұйымнан мүшесін шығару өзін-өзі реттейтін ұйымның ішкі құжаттарына сай мынадай жағдайларда:

- 1) өзін-өзі реттейтін ұйым мүшесінің өтініші бойынша;
- 2) өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшесінен бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияны қайтарып алған немесе лицензияның қолданылуын тоқтатқан;
- 3) өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшесі Қазақстан Республикасының заңдарын және өзін-өзі реттейтін ұйымның ішкі құжаттарын бұзған жағдайда жүзеге асырылады.

2. Өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелері кеңесінің мүшеліктен шығару туралы шешімінің көшірмесі берілген күннен бастап бір айлық мерзімде өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелігінен шығару туралы сотқа шағым жасалуы мүмкін.

109-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері клиенттерінің құқықтарын және мүдделерін қорғау

1. Өзін-өзі реттейтін ұйым өз мүшелері клиенттерінің құқықтарын және мүдделерін олардың өтініштерін қарау арқылы қорғауды жүзеге асырады. Клиенттердің өтініштерін қарау нәтижелері бойынша және негіздемелер болғанда, өзін-өзі реттейтін ұйым өзін-өзі реттейтін ұйымға қатысты тәртіптік ықпал ету шараларын қолданады.

2. Өтініштерді қараудан заңсыз бас тарту жөнінде өзін-өзі реттейтін ұйым мүшесінің клиенті уәкілетті органға шағым жасауы мүмкін.

20-тарау. Бағалы қағаздар рыногындағы ақпарат және жарнама

110-бап. Эмитенттің бастапқы бағалы қағаздар рыногында эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру барысында ақпаратты жария етуі

1. Инвесторлардың шектелмеген тобының арасында орналастырылатын эмиссиялық бағалы қағаздардың эмитенті кез келген мүдделі тұлғалардың алдында мынадай ақпаратты:

- 1) эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының проспектісіндегі;
- 2) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес уәкілетті органға ұсынылатын есептердегі;
- 3) қаржылық есепке кірген;

4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес немесе сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес (егер осы бағалы қағаздар сауда-саттықты ұйымдастырушының ресми тізіміне енсе) немесе осы эмитенттің ішкі құжаттарына сәйкес жария етуге жататын басқа ақпаратты жария етуге міндетті.

2. Эмитент ақпаратты жария етуді:

- 1) уәкілетті органға эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру нәтижелері жөніндегі есептерді ұсыну;
 - 2) уәкілетті органға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес инвесторлардың (акционерлердің) мүдделерін қозғаушы ретінде танылған ақпаратты ұсыну;
 - 3) егер эмитенттің бағалы қағаздары сауда-саттықты ұйымдастырушының тізіміне кірсе, осы сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес сауда-саттықты ұйымдастырушыға ақпарат ұсыну;
 - 4) баспасөз басылымында ақпарат жариялау арқылы жүзеге асырады.
3. Эмитент бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын тіркеуші арқылы бағалы қағаздарды ұстаушылар үшін ақпарат таратуды жүзеге асыруға құқылы.

111-бап. Эмитенттің бағалы қағаздардың қайталама рыногында эмиссиялық бағалы қағаздар айналысы барысында ақпаратты жария етуі

1. Эмитент эмиссиялық бағалы қағаздардың айналысы кезеңінде уәкілетті органның және бағалы қағаздарды ұстаушылардың алдында бағалы қағаздарды ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын өз қызметіндегі өзгерістер туралы ақпаратты жария етуге міндетті.

2. Эмитент қызметіндегі бағалы қағаздарды ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын өзгерістер ретінде:

- 1) эмитент органдары құрамының өзгеруі;
- 2) эмитенттің дауыс беретін акцияларының он және одан да астам процентін (үлесін) иеленуші акционерлер (қатысушылар) құрамының (акциялардың бес және одан да астам процентін иелену - халықтық акционерлік қоғам үшін) өзгеруі;
- 3) эмитенттің қаржылық есебінің өзгеруі;
- 4) эмитенттің, оның еншілес ұйымдарының және бағынышты акционерлік қоғамдарының қайта ұйымдастырылуы немесе таратылуы;
- 5) эмитенттің мүлкіне тыйым салынуы;
- 6) эмитент лицензиясының алынуы, тоқтатылуы немесе қайтарып алынуы;
- 7) эмитент акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының шешімі;
- 8) эмитент әрбір осындай ұйым акцияларының он және одан да астам процентін (үлесін, пайын) (халықтық акционерлік қоғам акцияларының бес және одан да астам процентін) иеленетін ұйымдар тізімінің өзгеруі танылады.

3. Эмитент өзгерістер туындаған сәттен бастап жеті күн ішінде уәкілетті органға бұл жөнінде ақпарат ұсынуға міндетті.

4. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектісіне өзгерістер

енгізу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

5. Осы баптың 2-тармағындағы өзгерістерді эмитент баспасөз басылымында ақпарат жариялау арқылы бағалы қағаздар ұстаушыларға жеткізеді.

112-бап. Лицензиаттың ақпаратты жария етуі

1. Лицензиат:

1) өз клиентінің алдында оның құқықтары мен мүдделерін қозғайтын ақпаратты жария етуге;

2) клиенттің бағалы қағаздармен мәмілелер жасауға арналған бұйрығын қабылдау кезінде оған бағалы қағаздар және олардың эмитенті жөнінде қолда бар барлық ақпаратпен (бағалы қағаздар рыногындағы коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпаратты қоспағанда) танысуына мүмкіндік беруге;

3) өзінің клиентін осы клиенттің бұйрығы бойынша бағалы қағаздармен мәмілелер жасау барысында мүдделер шиеленісінің туындау мүмкіндіктері және фактілері туралы хабардар етуге;

4) өзінің клиентін бағалы қағаздармен жасалады деп болжанған мәмілелерге қатысты Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулер және ерекше талаптар жөнінде хабардар етуге;

5) өзінің клиентіне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тыйымның әсеріне ұшыраған бағалы қағаздармен мәмілелер жасауға берген оның бұйрығынан бас тартылу себептерін түсіндіруге;

6) уәкілетті органға оларға қатысты Қазақстан Республикасының заңдарында олар туралы, сондай-ақ олардың бұйрықтары бойынша осылай мәмілелер жасалған клиенттер туралы ақпаратты жария ету міндетті болып белгіленген бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер туралы ақпаратты ұсынуға;

7) бағалы қағаздарды ұстаушылардың (клиенттердің) назарына эмитенттерден алынған және таратуға арналған ақпаратты жеткізуге;

8) бағалы қағаздарды ұстаушылардың (клиенттердің) алдында лицензиат қызметіне қатысты ақпаратты уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген көлемде және тәртіппен жария етуге міндетті.

2. Лицензиаттың ақпаратты жария ету кезінде оны бұрмалауға, оның көлемін инвестордың (клиенттің) осындай ақпаратты толық көлемде ала отырып қабылдай алатын, басқадай шешім қабылдауына соқтыратындай деңгейге дейін азайтуға құқығы жоқ.

113-бап. Сауда-саттықты ұйымдастырушының ақпаратты жария етуі

1. Сауда-саттықты ұйымдастырушы кез келген мүдделі тұлғаның алдында өзінің тізіміне енген бағалы қағаздар туралы және олардың эмитенттері туралы өзінде бар мәліметтерді (бағалы қағаздар рыногында қызметтік және коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты қоспағанда) жария етуге міндетті.

2. Сауда-саттықты ұйымдастырушы осы баптың 1-тармағына сәйкес жария етуге ж а т а т ы н а қ п а р а т т ы :

1) толық көлемде Интернетте (өзінің жеке беттерінде немесе осы сауда-саттықты ұйымдастырушының ақпаратын тарату жөніндегі агенттердің қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың беттерінде);

2) бұқаралық ақпарат құралдарында;

3) өзге де мүмкін болатын тәсілдермен таратады.

3. Сауда-саттықты ұйымдастырушының осы баптың 1-тармағына сәйкес жария етуге жататын ақпаратты осы сауда-саттықты ұйымдастырушы мүшелерінің арасында тарату тәртібі және өзіндегі көрсетілген ақпарат бар құжаттардың көшірмелерін мүдделі тұлғаларға ұсыну тәртібі сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында анықталады.

114-бап. Инвестордың және бағалы қағаз ұстаушының ақпаратты жария етуі

1. Бағалы қағазды ұстаушы тіркеушіні (нақтылы ұстаушыны) бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жүйесіндегі және нақтылы ұстауды есепке алу жүйесіндегі өз деректерінің өзгерістері жөнінде мұндай өзгерістер туындаған сәттен бастап он күн ішінде хабарлауға міндетті.

2. Тіркеуші (нақтылы ұстаушы) бағалы қағаздарды ұстаушылардың алдында бағалы қағаздарды ұстаушылардан бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жүйесіндегі және нақтылы ұстауды есепке алу жүйесіндегі деректердің өзгерістері жөнінде мәліметтер алмауы немесе уақтылы алмауы салдарынан шектірілген зияны үшін жауапкершілік көтермейді.

3. Қазақстан Республикасының заңдарында инвестордың (бағалы қағаз ұстаушының) эмиссиялық бағалы қағаздарға инвестицияны жүзеге асыру кезінде өзі және өзінің аффилиирленген тұлғалары туралы ақпаратты мемлекеттік органдардың алдында жария ету міндеттілігі белгіленген.

115-бап. Уәкілетті органның ақпаратты жария етуі

1. Уәкілетті орган :

1) эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылымы проспектілеріндегі;

2) эмитенттердің Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес уәкілетті органға ұсынатын есептеріндегі;

3) бағалы қағаздар рыногында қызметті жүзеге асыруға лицензиялар (рұқсаттар) беруге немесе қайтарып алуға, осындай лицензиялардың (рұқсаттардың) қолданылуын тоқтата тұру, жаңарту және тоқтату туралы, сондай-ақ мұндай оқиғалардың себептері туралы;

4) бағалы қағаздар рыногында қандай-да бір жұмысты орындауға рұқсат ету құқығын беретін біліктілік куәліктерін беруге немесе қайтарып алуға, мұндай куәліктердің қолданылуын тоқтата тұру, жаңарту және тоқтату туралы, сондай-ақ мұндай оқиғалардың себептері туралы;

5) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес басқа (қатысты) ақпаратты уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырады.

116-бап. Уәкілетті органның ақпарат алу құқығы

Уәкілетті орган өзіне жүктелген функцияларды сапалы және уақтылы орындауды қамтамасыз ету үшін эмитенттен, лицензиаттан және өзін-өзі реттейтін ұйымнан кез келген қажетті ақпаратты (оның ішінде бағалы қағаздар рыногында коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын) алуға құқылы. Алынған мәліметтер Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, жариялауға жатпайды.

117-бап. Бағалы қағаздар рыногындағы жарнамаға қойылатын талаптар

1. Бағалы қағаздар рыногындағы жарнама Қазақстан Республикасының жарнама туралы заң актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

2. Бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары және өзін-өзі реттейтін ұйымдар лицензияның номерін, датасын және жүзеге асыру үшін осы лицензия берілген қызметтің түрін көрсете отырып, жарнамаға өздеріне берілген лицензиялар туралы мәліметтерді кіргізуге міндетті.

3. Осы баптың 2-тармағының талаптарын бұзған бағалы қағаздар рыногының субъектілері Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауапқа тартылады.

21-тарау. Бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің қызметін бақылау

118-бап. Бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің қызметін тексеру

1. Уәкілетті орган эмитенттердің, лицензиаттардың және мамандарды бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеуге оқытуды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметіне тексеруді жүзеге асыруға құқылы.

2. Тексеру жүргізу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

3. Эмитентті тексеруге:

- 1) эмиссиялық бағалы қағаздар сатып алуға ниеттенген инвесторлардың өтініші;
- 2) бағалы қағаздарды ұстаушылардың өтініштері;
- 3) бағалы қағаздар рыногының және өзін-өзі реттейтін ұйымдардың кәсіби қатысушыларының өтініштері;
- 4) тексерудің жүргізілгені немесе уәкілетті орган қызметкерлерінің тексеруге қатысқаны туралы сот ұйғарымы, прокурордың немесе алдын ала жауап алу және алдын ала тергеу органының қаулысы;
- 5) уәкілетті орган эмитент эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылуын

мемлекеттік тіркеу және эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру немесе өтеу нәтижелері туралы есепті бекіту үшін ұсынған құжаттарды қарау барысында анықталған құжаттардағы немесе мәліметтердегі ақпараттың сәйкессіздігі;

б) уәкілетті орган лицензиаттардың қызметі туралы есептерді қарау барысында анықтаған сәйкессіздіктер;

7) бағалы қағаздар рыногында коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалана отырып, эмиссиялық бағалы қағаздармен мәмілелер жасау туралы мәліметтердің болуы негіздеме болып табылады.

4. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жеке өз бастамасы бойынша бағалы қағаздар рыногының субъектілеріне тексеру жүргізуге құқылы.

119-бап. Бағалы қағаздар рыногының субъектісіне тексеру жүргізу тәртібі

1. Тексеруді уәкілетті орган бағалы қағаздар рыногы субъектісінің орналасқан жерінде немесе өзінің орналасқан жерінде жүргізеді.

Тексеруді құрамына уәкілетті органның қызметкерлері кіретін тексеру комиссиясы жүргізеді.

Уәкілетті орган көрсетілген ұйымдардың қызметкерлерін тексеруге қатыстыру мақсатында мемлекеттік органдарға және өзін-өзі реттейтін ұйымдарға өтініш жасауға құқылы.

2. Тексеруді уәкілетті орган бағалы қағаздар рыногы субъектісінің қызметі туралы құжаттарды қарау арқылы жүргізеді.

Тексеру жүргізу барысында уәкілетті орган тексеру мәселелері бойынша олардың ауызша және жазбаша түсініктемелер беруі мақсатында бағалы қағаздар рыногы субъектісінің қызметкерлерінен жауап алуға құқылы.

3. Бағалы қағаздар рыногы субъектісін тексеру нәтижелері бойынша тексеру комиссиясы қызметті тексеруге жатқан бағалы қағаздар рыногының субъектісіне танысу үшін беретін тексеру актісін жасайды.

Бағалы қағаздар рыногының субъектісі жалпы тексеру актісі бойынша (жекелеген тармақтары бойынша) өз қарсылығын білдіруге құқылы.

4. Тексеру актісі жасалып, бағалы қағаздар рыногының субъектісіне ұсынылғаннан кейін уәкілетті орган субъектіге уәкілетті орган белгілеген мерзім ішінде анықталған заң бұзушылықтарды жою жөнінде ескертпе жіберуге құқығы.

5. Бағалы қағаздар рыногының субъектісі өзінің қызметін тексеру барысында анықталған заң бұзушылықты жоймаған жағдайда, уәкілетті орган заң бұзушыға және оның қызметкерлеріне қатысты осы Заңда және Қазақстан Республикасының басқа заңдарында белгіленген шараларды қолдануға құқылы.

Уәкілетті орган заң бұзушыға және оның қызметкерлеріне, егер заң бұзушылық орнын толтыруға келмейтіндей болса, анықталған заң бұзушылықты жою мерзімін ұсынбастан шаралар қолданады.

120-бап. Эмитенттің қызметін бақылау

1. Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу барысында бақылау функцияларын жүзеге асыру үшін уәкілетті орган
э м и т е н т т і м ы н а д а й :

1) эмитенттің органы эмиссиялық бағалы қағаздар шығару немесе орналастыру, опциондар жасау туралы қабылдаған шешімдердің Қазақстан Республикасының заңдарына және эмитенттің жарғысына сәйкестігі;

2) эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша кіріс төлемдері және эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектілеріне сәйкес бағалы қағаздарды ұстаушылар алдындағы басқа міндеттемелерін
о р ы н д а у ы ;

3) эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылуын және оларды орналастыру немесе өтеу нәтижелері жөніндегі есептерді мемлекеттік тіркеуге құжаттар ұсыну;

4) уәкілетті органға және бағалы қағаздарды ұстаушыларға өз қызметіндегі өзгерістер жөніндегі ақпарат ұсыну туралы талаптарды орындау;

5) Қазақстан Республикасының заңдарындағы ірі мәмілелер және мүдделілік бар мәмілелер жасау туралы талаптарды орындау;

6) шығарылымды жою, эмитент ерікті түрде қайта ұйымдасқан немесе таратылған жағдайда, бастапқы инвестицияларды қайтару кезінде бағалы қағаздарды ұстаушылардың құқықтары мен мүдделерін сақтау;

7) халықтық акционерлік қоғам мәртебесін алу және жоғалту;

8) эмитенттің қызметі туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау мәселелері бойынша тексеруге құқылы.

121-бап. Лицензиаттың қызметін бақылау

1. Уәкілетті орган бақылау функцияларын жүзеге асыру үшін лицензиаттың
м ы н а д а й :

1) бағалы қағаздар рыногында жүзеге асырылатын қызметтің Қазақстан Республикасының заңдарына, өзін-өзі реттейтін ұйымның және лицензиаттың ішкі құжаттарына сәйкестігі;

2) бағалы қағаздармен мәмілелерді жүзеге асыру кезінде клиенттердің құқықтарын және мүдделерін сақтау;

3) пруденциалдық нормативтерді сақтау;

4) ерікті қайта ұйымдастыру немесе тарату мәселелері бойынша тексеру жүргізуге құқылы.

122-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымның қызметін бақылау

1. Өзін-өзі реттейтін ұйымға қатысты бақылау функцияларын жүзеге асыру үшін уәкілетті орган:
- 1) өзін-өзі реттейтін ұйымның қызметі туралы, сондай-ақ оның мүшелерінің қызметі туралы ақпарат ұсынуды талап етуге;
 - 2) өзін-өзі реттейтін ұйымның қызметіне тексеру жүргізуге;
 - 3) өзін-өзі реттейтін ұйым өкілінен оның мүшесінің қызметін тексеруге қатысуын талап етуге ;
 - 4) өзін-өзі реттейтін ұйымға орындауы міндетті ескертпе жіберуге және олардың орындалуы жөніндегі есепті ұсынуын талап етуге;
 - 5) өзін-өзі реттейтін ұйымға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес санкциялар қолдануға құқығы.

22-тарау. Қорытынды ережелер

123-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң ресми түрде жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

124-бап. Қазақстан Республикасының кейбір заң актілерінің күші жойылды деп жариялау

Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

- 1) Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар туралы" 1997 жылғы 5 наурыздағы Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 5, 52-құжат; N 12, 184-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 17-18, 224-құжат; N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 15-16, 238-құжат);
- 2) Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу туралы" 1997 жылғы 5 наурыздағы Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 5, 53-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 17-18, 224-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 15-16, 238-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат).

Қазақстан Республикасының

Президенті